БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР

2-ші аралық бақылау бағдарламасының сұрақтары

Білім беру бағдарламасының аты: «Жалпы дәрігерлік тәжірибе»

Пән коды: ZHDT 7301-1

Пәні: «ЖТД-і ішкі аурулар»

Кредиттің/сағатының жалпы көлемі: 450 сағ/15 кред

Курс: 7

Оқу семестрлері: 13,14

ШЫМКЕНТ 2024 ж.

Әзірлеген: доцент Сартаева К.А.

Кафедра меңгерушісі
м.ғ.д., профессор Досыбаева Г.Н. _____
№ 10 хаттама 24.05. 2024 ж.

<question>Диагнозын анықтаңыз. Науқас 22 жаста, бет терісінде шекарасы анық эритема байқалды, оның фонында нүктелі папулезді-везикулезді бөртпелер орналасқан. Субъективті: қышу, ашу мазалайды. Анамнезінен: сырқаты ағартатын крем қолданғаннан кейін пайда болған.
<variant> Аллергиялық контактілі дерматит
<variant> Жүйелі қызыл жегі
<variant> Шынайы экзема
<variant> Қарапайым көпіршікті теміреткі
<variant> Жіті есекжем
<question>Жұмысқа уақытша жарамсыздық құжатын көрсетіңіз (толтыратын). Өндірістік тәжірибе өтіп жүрген жоғары оқу орнының студенті жүрек айнуына, құсуға, селсоқтыққа шағымданып келді. "Тағамдық жедел токсикоинфекция" диагнозы қойылды.
<variant> Жұмысқа уақытша жарамсыздық туралы анықтама
<variant> Жұмысқа уақытша жарамсыздық туралы парағы
<variant> Талап етілмейтін уақытша жұмысқа жарамсыздық туралы парағы
<variant> медико-қоғамдық эксперттік комиссия қорытындысы
<variant> Дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы
<question>Қабылдауға 72 жастағы науқасты туысы ертіп келген. Олардың айтуынан науқастың есте сақтауы, әсіресе жаңа хабарды сақтауда, нашарлап барады. Науқастың күнделікті өмір сүруіне есте сақтауының бұзылуы айтарлықтай кедергі жасайды. Жақсы білетін немесе айқын танитын зат қана таныс. Жаңа хабарлар кездейсоқ немесе аз уақытқа ғана есінде сақталады, негізгі мәліметтерді есіне түсіре алмау жағдайында, яғни, қайда тұратынын, қазір ғана не істегенін немесе туысының атын. Об-ті жағдайы қанағаттанарлық. АҚ 150\100 мм сын. бағ., пульс 80 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты. Аяқтары ісіңкі. Болжам диагнозын нақтаңыз.
<variant> Альцгеймер ауруы
<variant> Паркинсон ауруы
<variant> Гипертониялық энцефалопатия
<variant> Жастық деменция
<variant> Мидың ісігі
<question>Әйел 32 жаста. Жүктіліктің 26-27 аптасы. Алғашқы жүктілік. Кезекті тексеруде гликемия 6.2 ммоль/л анықталды. 2 жыл бұрын гликемия - 4,8 ммоль/л. Осы жағдайда бала үшін мүмкін болатын болжамды анықтаңыз?
<variant> жоғары массалы ұрықтың болуы қаупі жоғары
<variant> құрсақ ішілік даму артта қалуы мүмкін
<variant> ТПА даму қаупі жоғары
<variant> 2500 г дене салмағымен туылуы мүмкін
<variant> Уақыттан бұрын босану қаупі жоғары
<question>Қазақстан Республикасы азаматтарына мүгедектік топты бекіту үшін, медициналық-әлеуметтік экспертиза жүргізіледі, оның ережелері Үкімет қаулысымен бектілген, оларға сәйкес науқастар мүгедектікке құжат тапсыру құқығы мен тиісті барлық жеңілдіктерге ие бола алады. Осы құжаттың бекітілген мерзімін көрсетіңіз.
<variant> 2005 жылдың 20 шілде № 750 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 10 шілде № 751 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 15 шілде № 755 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 25 шілде № 756 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 05 шілде№ 758 Үкімет қаулысы

<question>68 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лима түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Анемия себебін анықтаңыз:
<variant> аутоиммунды гемолиз
<variant> бласты криз
<variant> асқазан-ішектік қан кету
<variant> жіті гепатит
<variant> агранулоцитоз
<question>68 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лимфа түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> созылмалы лимфолейкоз
<variant> жедел лейкоз
<variant> миелофиброз
<variant> созылмалы миелолейкоз
<variant> лимфосаркома
<question>Қабылдауда 13 жастағы науқас, лимфоаденопатиясы, ауыр әлсіздігі бар. Анализдерінен: эр. 2,0х10^{12} /л, Нв 79 г/л, ТК 0,8, лейк. 6,1х10 ^{9}/л, лейкограммада бластар 85 %, лимф. 10 %, с/я 5 %, тромб. 100 х 10^{9}/л. Диагнозын анықтаңыз:
<variant> жедел лейкоз
<variant> аплазиялық анемия
<variant> лимфогранулематоз
<variant> созылмалы лимфолейкоз
<variant> инфекциялық мононуклеоз
<question>Ұзақ қолданғанда гемолиздік анемия шақыратын антигипертензиялық дәрмекті есте сақтаңыз:
<variant> метилдопа (допегит)
<variant> бисопролол (конкор)
<variant> нифедипин пролонгированного действия
<variant> метопролол (эгилок)
<variant> гидрохлортиазид (гипотиазид)
<question>16 жастағы қыздың басы жиі ауырады. Об-ті: дене бітімі астениялық, ісінулер жоқ. Жүрек тондары айқын, ырғағы дұрыс, ЖСС 80 мин, АҚ 170/120 мм сын. бағ. Қанның және несептің жалпы анализдері, биохимиялық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. ЭКГ, ЭхоКС сол қарыншаның гипертрофиясы белгілерін анықтады. Изотопты ренографияда оң бүйректің васкулярлы сегменті өзгерген. Артериялық гипертензияның ең мүмкін себебін анықтаңыз:
<variant> бүйрек артерияларының фибромускулдік дисплазиясы
<variant> бүйрек артерияларының атеросклерозы
<variant> бүйрек поликистозы
<variant> бүйрек туберкулезі
<variant> бүйрек артерияларының тромбэмболиясы

<question> 25 жастағы әйелде беті мен аяқтарының ісінуі, басының ауруы, бел аймағындағы ауырлық сезімі бар. Анамнезінен: 3 апта бұрын фолликулалық баспамен ауырған. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл, беті мен аяқтарында айқын, жұмсақ ісіну, ішінде бос сұйықтық. Тыныс жиілігі 26 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті, жүрек ұшында систолалық шу. АҚ 180/100 мм сын. бағ. ЖЖС 56 мин. Қағу симптомы екі жағында да оң. Протеинурия 3,5г/ л. Диагнозын нақтаңыз.
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, бисиндромды (нефротикалық және нефрогенді АГсиндром). Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, жайылма варианты (бүйректік ісіну, нефрогенді АГ). Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит, нефрогенді АГ
<question>28 жастағы науқас баспамен ауырған соң 3 аптадан кейін келді: бүйірлерінің екі жақты сыздап ауырсынуы, бас ауруы, несепке аз көлеммен баруы, ентігу, ісіну. Об-ті: науқас қуқыл тартқан, бетінде айқын ісіну бар. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты. АҚ 200/110 мм сын. бағ., ЖСС 100 минутына. Қағу симптомы екі жағында да оң. ҚЖА: Нв 105 г/л, ЭТЖ 28 мм/сағ. Науқастың тәуліктік диурезі 1л, тығыздығы 1030, белогі 1,5 г/л., несебі бұлыңғыр, “ет шайындысы” түстес, эрит. к/а жалпы жапқан. Диагнозын нақтаңыз.
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, диффузды (клиникалық) варианты
<variant> БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, өршу фазасы
<variant> БСА (ХБП): созылмалы пиелонефрит, өршу фазасы
<variant> Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит
<variant> БСА (ХБП): тубулоинтерстицийлік нефрит
<question>16 жастағы ер бала, жас кезінен қанағыштыққа бейім, кейде көлемді көгерулер түзіледі. Объективті: тізе буындарының гемартрозы. Ана жағынан көкесінің тұқым қуатын қан ауруы бар. ҚЖА ауытқу жоқ. Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> гемофилия
<variant> геморрагиялық васкулит
<variant> тромбоцитопениялық пурпура
<variant> ауруы, Рандю-Ослердің
<variant> жедел лейкоз
<question>55 жастағы науқас қабылдауда айқын спленомегалиямен. Қан анализінде:эр. 3,2 х10^{12}/л, Hb 98 г/л, ТК 0,9, лейк. 120х10^{9}/л, промиелоциттер12%, миелоциттер 10 %, т/я 12 %, с/я 32 %, лимф. 19 %, баз. 7 %, эоз. 8%. ЭТЖ 42 мм/сағ.Диагнозын анықтаңыз:
<variant> созылмалы миелолейкоз
<variant> жедел лейкоз
<variant> созылмалы лимфолейкоз
<variant> лимфогранулематоз
<variant> эритремия
<question>60 жастағы әйелде мұрнының қанауы, әлсіздік бар. Жалпы белогі 100 г/л, М-градиент анықталды. Краниограммасында патология анықталмады. Миелограммада плазмалық клеткалары 5%. Диагнозын анықтаңыз:
<variant> Вальденстремнің ауруы

<variant> миеломалық ауру
<variant> тромбоцитопениялық пурпура
<variant> созылмалы миелолейкоз
<variant> жедел лейкоз
<question>Жұмысқа уақытша жарамсыздық құжатын көрсетіңіз. Өндірістік тәжірибе өтіп жүрген жоғары оқу орнының студенті жүрек айнуына, құсуға, селсоқтыққа шағымданып келді. "Тағамдық жедел токсикоинфекция" диагнозы қойылды.
<variant> Жұмысқа уақытша жарамсыздық туралы анықтама
<variant> Жұмысқа уақытша жарамсыздық туралы парағы
<variant> Талап етілмейтін уақытша жұмысқа жарамсыздық туралы парағы
<variant> медико-қоғамдық эксперттік комиссия қорытындысы
<variant> Дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы
<question>Құжаттың бекітілген күнін көрсетіңіз. Қазақстан Республикасы азаматтарына мүгедектік топты бекіту үшін, медициналық-әлеуметтік экспертиза жүргізіледі, оның ережелері Үкімет қаулысымен бектілген, оларға сәйкес науқастар мүгедектікке құжат тапсыру құқығы мен тиісті барлық жеңілдіктерге ие бола алады. Осы құжаттың бекітілген мерзімін көрсетіңіз.
<variant> 2005 жылдың 20 шілде № 750 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 10 шілде № 751 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 15 шілде № 755 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 25 шілде № 756 Үкімет қаулысы
<variant> 2005 жылдың 05 шілде№ 758 Үкімет қаулысы
<question>Науқастың аурухана парағына жазылатын жұмыссыздықтың түрін көрсетіңіз. 3-ші топтағы мүгедек, аптасына 2-3 рет болатын тұншығу ұстамасына шағымданды, жеңілдетілген жұмыста істейді, ЖРВИ ауырғаннан кейін еңбекке уақытша жарамсыз болды.
<variant> Жалпы ауру
<variant> Кәсіби ауру
<variant> Кәсіби жарақат
<variant> Тұрмыстық жарақат
<variant> Карантин
<question>Диагнозын нақтаңыз. Науқас 28 жаста, қабылдау бөлімінде. Анамнезінде жатыр қосалқыларының кистасы мен қабынуы диагнозы бар. Науқас жүрегінің айнуына, құсуға, ішінің кебуіне нәжісінің шықпауына, ішінің төменгі бөлігінің ұстамалы ауырсынуына, шап аралығына, санға және белге таралатынына шағымданды. Дене қызуы 38^0С. Іші қатайған, пальпация кезінде ауырсынады.
Щеткин - Блюмберг симптомы (+).
<variant> Кистаның бұралып қалуы
<variant> Жыныс ағзаларының ісігі
<variant> Аналық без апоплексиясы
<variant> Жатыр трубаларының жыртылуы
<variant> Жатырдан тыс жүктілік
<question>Диагнозын анықтаңыз. Науқас 22 жаста, бет терісінде шекарасы анық эритема байқалды, оның фонында нүктелі папулезді-везикулезді бөртпелер орналасқан. Субьективті: қышу, ашу мазалайды. Анамнезінен: сырқаты ағартатын крем қолданғаннан кейін пайда болған.
<variant> Аллергиялық контактілі дерматит
<variant> Жүйелі қызыл жегі
<variant> Шынайы экзема

<variant> Қарапайым көпіршікті теміреткі
<variant> Жіті есекжем
<question>Әйел адам 35 жаста, жүктілікке байланысты әйелдер консультациясында қаралады. 28 аптада терінің қышуына байланысты ұйқының бұзылуына, әлсіздікке, лоқсуға шағымданып келді. Биохимиялық қан анализінде: АЛТ-56 Ед/л, АСТ-42 Ед/л, жалпы билирубин-12,4 ммоль/л, СФ-480 Ед/л. Маркерлер диагностикасы: HBsAg – теріс., a-HBs - оң, a-HBcore IgG-теріс, HBeAg - теріс, a-HBe- теріс, anti-HCV IgM - теріс, anti-HCV IgG – теріс. Дұрыс тұжырымды анықтаңыз.
<variant> жүктілік холестазы
<variant> жүктілік гепатозы
<variant> созылмалы вирусты гепатит
<variant> бұл көзеңдегі жүктілікке қалыпты жағдай
<variant> созылмалы холециститтің өршуі
<question>72 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лима түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Анемия себебін анықтаңыз:
<variant> аутоиммунды гемолиз
<variant> бласты криз
<variant> асқазан-ішектік қан кету
<variant> жіті гепатит
<variant> агранулоцитоз
<question>69 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лимфа түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> созылмалы лимфолейкоз
<variant> жедел лейкоз
<variant> миелофиброз
<variant> созылмалы миелолейкоз
<variant> лимфосаркома
<question>Қабылдауда 15 жастағы науқас, лимфоаденопатиясы, ауыр әлсіздігі бар. Анализдерінен: эр. 2,0х10^{12} /л, Нв 79 г/л, ТК 0,8, лейк. 6,1х10 ^{9}/л, лейкограммада бластар 85 %, лимф. 10 %, с/я 5 %, тромб. 100 х 10^{9}/л. Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> жедел лейкоз
<variant> аплазиялық анемия
<variant> лимфогранулематоз
<variant> созылмалы лимфолейкоз
<variant> инфекциялық мононуклеоз
<question>19 жастағы қыздың басы жиі ауырады. Об-ті: дене бітімі астениялық, ісінулер жоқ. Жүрек тондары айқын, ырғағы дұрыс, ЖСС 80 мин, АҚ 170/120 мм сын. бағ. Қанның және несептің жалпы анализдері, биохимиялық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. ЭКГ, ЭхоКС сол

қарыншаның гипертрофиясы белгілерін анықтады. Изотопты ренографияда оң бүйректің васкулярлы сегменті өзгерген. Артериялық гипертензияның ең мүмкін себебін анықтаңыз:
<variant> бүйрек артерияларының фибромускулдік дисплазиясы
<variant> бүйрек артерияларының атеросклерозы
<variant> бүйрек поликистозы
<variant> бүйрек туберкулезі
<variant> бүйрек артерияларының тромбэмболиясы
<question>27 жастағы әйелде беті мен аяқтарының ісінуі, басының ауруы, бел аймағындағы ауырлық сезімі бар. Анамнезінен: 3 апта бұрын фолликулалық баспамен ауырған. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл, беті мен аяқтарында айқын, жұмсақ ісіну, ішінде бос сұйықтық. Тыныс жиілігі 26 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті, жүрек ұшында систолалық шу. АҚ 180/100 мм сын. бағ. ЖЖС 56 мин. Қағу симптомы екі жағында да оң. Протеинурия 3,5г/ л. Диагнозын нақтаңыз.
<variant> БЖЗ (ОПП):жедел гломерулонефрит, бисиндромды (нефротикалық және нефрогенді АГсиндром).Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, жайылма варианты (бүйректік ісіну, нефрогенді АГ). Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит, нефрогенді АГ
<question>30 жастағы науқас баспамен ауырған соң 3 аптадан кейін келді: бүйірлерінің екі жақты сыздап ауырсынуы, бас ауруы, несепке аз көлеммен баруы, ентігу, ісіну. Об-ті: науқас қуқыл тартқан, бетінде айқын ісіну бар. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты. АҚ 200/110 мм сын. бағ., ЖСС 100 минутына. Қағу симптомы екі жағында да оң. ҚЖА: Нв 105 г/л, ЭТЖ 28 мм/сағ. Науқастың тәуліктік диурезі 1л, тығыздығы 1030, белогі 1,5 г/л., несебі бұлыңғыр, “ет шайындысы” түстес, эрит. к/а жалпы жапқан. Клиникалық диагнозын нақтаңыз.
<variant> БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, диффузды (клиникалық) варианты
<variant> БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, өршу фазасы
<variant> БСА (ХБП): созылмалы пиелонефрит, өршу фазасы
<variant> Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит
<variant> БСА (ХБП): тубулоинтерстицийлік нефрит
<question>16 жастағы науқаста мезгіл-мезгіл тері жамылғылары сарғаяды. Тексергенде: басының төбесі шошақ ("башенный череп"), тағдайы терең "готическое небо". Талағы ұлғайған, + 3,0 см. Қан анализінде: Нв 106 г/л, эр. 3,3 х 10^{12}/л. Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> тума гемолиздік анемия
<variant> жүре дамыған гемолиздік анемия
<variant> синдромы, Жильбердің
<variant> созылмалы гепатит
<variant> өт-тас ауруы
<question>19 жастағы науқаста мезгіл-мезгіл тері жамылғылары сарғаяды. Тексергенде: басының төбесі шошақ ("башенный череп"), тағдайы терең "готическое небо". Талағы ұлғайған, + 3,0 см. Қан анализінде: Нв 106 г/л, эр. 3,3 х 10^{12}/л., микросфероцитоз. Болжам диагнозын нақтаңыз:
<variant> тума гемолиздік анемия (Минковский-Шоффар ауруы)

<variant> жүре дамыған гемолиздік анемия (марштық гемоглобинурия)
<variant> синдромы, Жильбердің
<variant> созылмалы гепатит, өршу фазасы
<variant> өт-тас ауруы, өттік шаншу (механикалық сарғаю)
<question>62 жастағы ер кісі клиникаға иық сүйегінің сынуымен түсті. ЭТЖ 55 мм/сағ. Гиперпротеинемия М-градиентпен, миелограммада – плазмалық инфильтрация 38%. Болжам диагнозы:
<variant> миелома ауруы
<variant> жедел лейкоз
<variant> созылмалы гепатит
<variant> миелофиброз
<variant> созылмалы миелолейкоз
<question>19 жастағы ер бала, жас кезінен қанағыштыққа бейім, кейде көлемді көгерулер түзіледі. Объективті: тізе буындарының гемартрозы. Ана жағынан көкесінің тұқым қуатын қан ауруы бар. ҚЖА ауытқу жоқ. Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> гемофилия
<variant> геморрагиялық васкулит
<variant> тромбоцитопениялық пурпура
<variant> ауруы, Рандю-Ослердің
<variant> жедел лейкоз
<question>Жетекші синдромы мен диагнозын анықтаңыз: 39 жастағы ер кісі, төстің төменгі үштігі аймағындағы, тамақтан соң 15-20 минуттен кейін пайда болатын ауырсынуға шағымданды. Ауырғанына 4 ай, жұмысы іссапарлармен байланысты. Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты. Пальпацияда эпигастрий аймағында семсерше өскіншеге жақын ауырсыну бар. ЭКГ: ырғақ көзі синусты, ЖСС 70 мин. ЖЭӨ қалыпты, тісшелер вольтажы сақталған. ФЭГДС: өңеш өтімділігі сақталған, кілегей түсі қалыпты. Асқазанда аш қарынға сөл мөлшері жоғары, кардийінде 0,5х0,8см жара, түбінде фибрин шөгінділері.
<variant> прекардиаль аймағының ауырсынуы, жара ауруы, асқазан кардий бөлігінің алғаш анықталған жарасы
<variant> прекардиаль аймағының ауырсынуы, алғаш дамыған күш түсу стенокардиясы
<variant> прекардиаль аймағының ауырсынуы, рефлюкс эзофагит
<variant> прекардиаль аймағының ауырсынуы, тұрақты күш түсу стенокардиясы
<variant> прекардиаль аймағының ауырсынуы, асқазан рагі
<question>Болжам диагнозын нақтаңыз: 55 жастағы ер кісі соңғы жыл барысында төс артының ауыруына, қатты тағамдарды жұтудың қиындауына (су ішіп басады) шағымданды, олардан басқа, кейде аузына тәуліктей бұрын жеген тағам қалдығы «қайтады». Дене салмағы қалыпты. Туыстары науқас аузынан жағымсыз иіс шығатынын айтты.
<variant> өңеш дивертикулі
<variant> пилоростеноз
<variant> гастер-эзофаголық рефлюкс ауруы
<variant> өңештің идиопатиялық ахалазиясы
<variant> асқазан, 12 елі ішектің жара ауруы
<question>Дәрігер тактикасын анықтаңыз. 39 жастағы бояушы, қабылдауға келесі шағымдармен келді: эпигастрий аймағының кешкі уақытта күшейетін керіп ауыруы, қышқылмен, көп мөлшерлі жағымсыз иісті ауамен кекіру, ашқарынға және кешкілік желінген тағаммен құсу, дене салмағын жоғалту, қатаң жалпы әлсіздік. 12 елі ішек жара ауруы 10 жыл бұрын қойылған, маусымдық өршулері болған, бірақ дәрігерде емделмеген. Об-ті: тері

жамылғылары құқыл. Тілінде ақ-сарғыш шөгінді. Эпигастрий аймағында күшейген перистальтика көзге көрінеді, аускультациялық-перкуссиялық тәсілмен асқазанның төменгі шегі кіндік деңгейінде анықталды.
<variant> хирургты кеңеске шұғыл шақырып, абдоминальді хирургиялық бөлімге жедел жәрдеммен госпитализацияциялау
<variant> гастроэнтеролог кеңесі, амбулаториялық ем
<variant> инфекционист кеңесі, жұқпалы аурулар бөліміне шұғыл госпитализациялау
<variant> гастроэнтеролог кеңесі, стационаралмастырушы технологиямен күндізгі стационарда емдеу
<variant> гастроэнтеролог кеңесі, стационаралмастырушы технологиямен үй жағдайында стационар ұйымдастыру
<question>Болжам диагнозын анықтаңыз. 64 жастағы зейнеткер, ер кісі, емханаға келесі шағымдармен келді: әл-дәрменінің, тәбетінің құруы, жүрегінің айнуы, тамақтан жиіркену, дене салмағын жоғалту.Бір жылдың ішінде 15 кг салмақ жоғалтқан. Об-ті: науқас өте жүдеу, тері жамылғылары құқыл. Бойы 172 см, дене салмағы 53 кг. Сол бұғана үстінде 2 см дейін үлкейген лимфалық түйін пальпацияланды. Пальпацияда ішінің эпигастрий аймағы ауырады, бұлшық еттің шамалы керілуі анықталды. Нв 100г/л, эр. $3,6x10^{12}$/л, ТК 0,84, лейк. $8,0x10^{9}$/л. ЭТЖ 42 мм/сағ.
<variant> асқазан рагі, IV сатысы (Вирхов безіне метастаз). Асқ.: Теміртапшылықты анемия, I дәрежесі
<variant> созылмалы калькулезді холецистит, өршу фазасы. Асқ.: Теміртапшылықты анемия, I дәрежесі
<variant> созылмалы калькулезді емес холецистит, өршу фазасы. Асқ.: Теміртапшылықты анемия, I дәрежесі
<variant> созылмалымиелолейкоз. Асқ.: Теміртапшылықты анемия, I дәрежесі
<variant> созылмалы анацидті гастрит. Асқ.: Теміртапшылықты анемия, I дәрежесі
<question>Жетекші синдромдарын, болжам диагнозын анықтаңыз. 49 жастағы әйел, ЖДП дәрігеріне келесі шағымдармен келді: бел аймағында кенет пайда болған, басым оң бөлігінің ауырсынуы, қалтырау.Ауырсыну ұстамасы 20 минут бұрын саяжайдан қайтқан кезде басталған, бұрындары мұндай ұстамалар болмаған.Об-ті: науқас дене қалыбын қайта-қайта өзгертіп, жай таппауда, қозу күйінде. Қарау үстінде науқасты жүрек айнуы, құсу, кіші дәретке шақыру мазалады, дене қызуы 37^{0}С. Тілі құрғақ, ақ өңезді. Ішінің оң жартысында қатаң ауырсыну, бұлшық еттердің керілуі анықталды. Қалған органдар пальпациясын жүргізу қатты ауырсынудан мүмкін болмады.
<variant> бүйректік шаншу – оң бүйірінің ауырсынуы; тынжы-тас ауруы – бүйрек шаншуы (колика)
<variant> оң мезогастрий аймағының ауырсынуы; ішектің жіті өтімсіздігі
<variant> оң мезогастрий, оң мықын аймағының ауырсынуы; жіті аппендицит
<variant> оң мезогастрий, оң мықын аймағының ауырсынуы; жатырдан тыс жүктілік
<variant> омыртқаның бел аймағының ауыруы; остеохондроз
<question>Болжам диагнозын нақтаңыз: 19 жастағы қыз, соңғы 3 жыл барысында емханада оң қабырға астының кенет ұстамалы, шаншу тәрізді, кенет басталып, тез басылатын ауыруына байланысты тексеріліп жүр. Ұстамалардың дамуын психикалық-эмоциялық факторлармен байланыстырады. Ұстамалар кезінде жүрегі айнып, тер басады, ауыруы но-шпамен тез жойылады. Бақылау уақытында дене қызуының жоғарылауы, сарғаю орын алмаған. Анализдері қайталанғанмен қабынулық синдром дәлелденбеген.
<variant> өт жолдарының қызметтік бұзылыстары, гипертонустық дискинезиямен

<variant> созылмалы холецистит
<variant> өт-тас ауруы
<variant> тітіркенген ішек синдромы
<variant> өт жолдарының қызметтік бұзылыстары, гипотонустық дискинезиямен
<question>Болжам диагнозын нақтаңыз. 22 жастағы әйел, соңғы 3 жыл барысында емханада оң қабырға астының кенет ұстамалы, шаншу тәрізді, кенет басталып, тез басылатын ауыруына байланысты тексеріліп жүр. Ұстамалардың дамуын психикалық-эмоциялық факторлармен байланыстырады. Ұстамалар кезінде жүрегі айнып, тер басады, ауыруы но-шпамен тез жойылады. Бақылау уақытында дене қызуының жоғарылауы, сарғаю орын алмаған. Анализдері қайталанғанмен қабынулық синдром дәлелденбеген.
<variant> өт жолдарының қызметтік бұзылыстары, гипертонустық дискинезиямен
<variant> созылмалы холецистит
<variant> өт-тас ауруы
<variant> тітіркенген ішек синдромы
<variant> өт жолдарының қызметтік бұзылыстары, гипотонустық дискинезиямен
<question>32 жастағы жас мұғалім, үлкен дәретке сирек баратынына шағымданды.Анамнезінен: тамағының жыбырлап, жиі жөтелуіне байланысты, сабақ сапасын төмендетпеу мақсатында, құрамында кодеині бар жөтелге қарсы таблеткаларды қолданады.Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты. АҚ 110/70 мм сын. бағ. Тілі таза, ылғалды. Іші жұмсақ, ауырсынулар жоқ. Болжам диагнозын анықтаңыз.
<variant> медикаменттік обстирпация
<variant> жуан ішектің обтурациялаушы обстирпациясы
<variant> рефлекторлы обстирпация
<variant> ішек парезі
<variant> ішек инвагинациясы
<question>65 жастағы әйелді ішінің төменгі жағының толғақ тәріздес ұстамалы ауырсынуы мазалайды, ауырсынуы сегізкөзіне тарайды, іші кебеді, газдың бөлінбеуі, соңғы 4 тәулікте үлкен дәреттің болмауы көңілін алаңдатады. Науқас соңғы көптеген жылдар барысында іш қатуынан зардап шегеді.Об-ті: іші кебіңкі, пальпацияда шамалы ауырады. Перкуссияда жоғары тимпанит, “судың шолпыл” симптомы естілді. Тік ішек арқылы тексергенде: тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизма қоюға талпыныс жасағанда – сұйықтық көлемі 350 мл жеткенде, кері құйылды. Болжам диагнозын анықтаңыз.
<variant> сигма ішегінің обтурациялаушы ісігі, ішек өтімсіздігі
<variant> рефлекторлы обстирпация
<variant> ішек парезі
<variant> ішек инвагинациясы
<variant> медикаменттік обстирпация
<question>Бронхтық обструкцияның себебін анықтаңыз: 49 жастағы әйел адам түнгі уақытта дамитын тыныс шығарудың қиындауына, тұншығуғашағымданды. Об-ті: аускультацияда патологиялық шуларсыз везикулалық тыныс, жиілігі 19мин. Бронхоскопияда жоғары тыныс жолдарының кілегей қабатының ісінуі және гиперемиясы анықталды. ФГДС: өңештің төменгі үштігінің гиперемиясы, біріккен эрозиялар.
<variant> гастер-эзофаголық рефлюксті ауру, өңештен тыс өкпелік синдром
<variant> бронхтық демікпе (астма), интенмиттолық ағымды
<variant> трахеобронхтық дискинезия
<variant> митральді стеноз, жүректік демікпе (астма)
<variant> паразитоз, бронхобструкциялық синдром

<question>60 жастағы ер кісіде бір ай шамасында макрогематурия, дене қызуының 37,4-37,8^{0}С жоғарылауы, әсіресе кешке, әлсіздік пен қалжырау, дене салмағының азаюы мазалайды. Антибиотиктермен нәтжесіз емделген. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қан анализінде: ЭТЖ 57 мм/сағ. Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> бүйрек рагі
<variant> созылмалы гломерулонефрит
<variant> тынжы-тас ауруы
<variant> созылмалы пиелонефриттің өршу
<variant> бүйрек туберкулезі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 26 жасар әйелде екі босанудан кейін тұрақсыз АГ дамыған. Жағдайының нашарлауына ұзақ жүру, ұзақ уақыт вертикаль қалыпта болу алып келеді. Шамалы уақыт горизонталь жағдайда демалғаннан кейін, АҚ қалыптасады. Диагноздық әдістерді жоспарлағанда бірінші кезекте күдіктенетін нозобірлікті таңдаңыз.
<variant> екі жақты нефроптоз
<variant> созылмалы пиелонефрит
<variant> феохромоцитома
<variant> эссенциаль артериялық гипертензия
<variant> созылмалы гломерулонефрит
<question>Диабеттік нейропатияның ауырсынулық түріне тән емес белгіні таңдаңыз: 69 жастағы ер кісі 20 жылдан бері қантты диабетпен дертті. Макро-, микроангиопатиялық асқынулары, сонымен қатар, нейропатиясы бар.
<variant> ыстық сезіну
<variant> ұю
<variant> спонтанды ауырсынулар
<variant> сезімталдығының бұзылулары
<variant> парестезиялар
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:34жастағы әйел қалқанша безінің ұлғаюына байланысты тексерілді. Гормондық статусында: ТТГ жоғары деңгейі мен T_3 және T_4 төмен деңгейлері нақталды. Жіңішке инелік аспирациялық биоптатта фолликулалық эпителийдің аса айқын емес пролиферациясы мен коллоидтың жиналуы анықталды.
<variant> эндемиялық жемсау (зоб), гипотиреоз
<variant> эндемиялық жемсау (зоб), эутиреоз
<variant> аутоиммунды тиреоидит
<variant> қалқанша безінің тиреотоксиндік аденомасы
<variant> диффузды токсиндік жемсау (зоб)
<question>Эталондық ем комбинациясын таңдаңыз. Псевдомембраналық колиттің емінде қолданатын “эталондық” комбинацияны көрсетіңіз:
<variant> ванкомицин+метранидазол+ішек адсорбенттері
<variant> линкомицин+цефалоспорин
<variant> метранидазол+клиндамицин+ішек адсорбенттері
<variant> эритромицин+клиндамицин+ішек адсорбенттері
<variant> ванкомицин+тетрациклин
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз.29 жастағы жас мұғалім, үлкен дәретке сирек баратынына шағымданды.Анамнезінен: тамағының жыбырлап, жиі жөтелуіне байланысты, сабақ сапасын төмендетпеу мақсатында, құрамында кодеині бар жөтелге қарсы таблеткаларды қолданады.Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты. АҚ 110/70 мм сын. бағ. Тілі таза, ылғалды. Іші жұмсақ, ауырсынулар жоқ.

<variant> медикаменттік обстирпация
<variant> жуан ішектің обтурациялаушы обстирпациясы
<variant> рефлекторлы обстирпация
<variant> ішек парезі
<variant> ішек инвагинациясы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Осы ауру ішек облитерациясына жиі және тез алып келеді:
<variant> Крон ауруы
<variant> псевдомембранозды колит
<variant> ишемиялық колит
<variant> бейспецификалық жаралы колит
<variant> Уиппл ауруы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.Диагноздық аспаптық тәсілдерден біреуі жаралы колиттің диагнозын нақтауда ақпаратты:
<variant> колоноскопия, көзделген биопсиялық зерттеумен
<variant> ирригоскопия
<variant> фиброколоноскопия
<variant> іш қуысы органдарының жалпы шолу обзорная рентгенографиясы
<variant> ультрадыбыстық зерттеу
<question>Бронхтық обструкцияның себебін таңдаңыз: 49 жастағы әйел адам түнгі уақытта дамитын тыныс шығарудың қиындауына, тұншығуғашағымданды. Об-ті: аускультацияда патологиялық шуларсыз везикулалық тыныс, жиілігі 19мин. Бронхоскопияда жоғары тыныс жолдарының кілегей қабатының ісінуі және гиперемиясы анықталды. ФГДС: өңештің төменгі үштігінің гиперемиясы, біріккен эрозиялар.
<variant> гастер-эзофаголық рефлюксті ауру, өңештен тыс өкпелік синдром
<variant> бронхтық демікпе (астма), интенмиттолық ағымды
<variant> трахеобронхтық дискинезия
<variant> митральді стеноз, жүректік демікпе (астма)
<variant> паразитоз, бронхобструкциялық синдром
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. 35 жастағы науқас 2 ай бойна қан қақырып, ентіккеніне шағымданды. Лабораториялық тексерулерде анемия және микрогематурия анықталды.
<variant> Гудпасчердің синдромы
<variant> қатерлі ісік
<variant> артерия-веналық аномалия
<variant> өкпе абсцесі
<variant> туберкулез
<question>Фурункулезі бар 46 жастағы ер адам физикалық жүктемеден соң пайда болатын ентігу және жүрек қағуға, жалпы әлсіздікке шағымданды. Кешкі уақытта дене қызуының көтерілуі байқалады. Қарағанда: төменгі қабақтың конъюктивасының ауыспалы қатпарында ұсақ нүктелі бөртпелер бар. Жүрек тондары тұйықталған, ырғағы дұрыс, жүрек ұшында систолалық, II тыңдау нүктесінде диастолалық шулар. ЖЖС 102 мин, АҚ 110/60 мм сын. бағ. Жетекші синдромдары. Болжам диагнозы:
<variant> қызба, жүре дамыған қақпақтық ақау, васкулиттік. Инфекциялық эндокардит
<variant> қызба, жүре дамыған қақпақтық ақау, васкулиттік. Либман-Сакс эндокардиті
<variant> қызба, жүре дамыған қақпақтық ақау, васкулиттік. Жедел ревматизмдік қызба
<variant> қызба, жүре дамыған қақпақтық ақау, васкулиттік. Қайталанған ревматизмдік қызба

<variant> қызба, жүре дамыған қақпақтық ақау, васкулиттік. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы
<question>60 жастағы ер кісіде бір ай шамасында макрогематурия, дене қызуының 37,4-37,8^{0}С жоғарылауы, әсіресе кешке, әлсіздік пен қалжырау, дене салмағының азаюы мазалайды. Антибиотиктермен нәтжесіз емделген. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қан анализінде: ЭТЖ 57 мм/сағ. Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> бүйрек рагі
<variant> созылмалы гломерулонефрит
<variant> тынжы-тас ауруы
<variant> созылмалы пиелонефриттің өршу
<variant> бүйрек туберкулезі
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз: 59 жастағы ер кісіде бір ай шамасында макрогематурия, дене қызуының 37,4-37,8^{0}С жоғарылауы, әсіресе кешке, әлсіздік пен қалжырау, дене салмағының азаюы мазалайды. Антибиотиктермен нәтжесіз емделген. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қан анализінде: ЭТЖ 57 мм/сағ.
<variant> бүйрек рагі
<variant> созылмалы гломерулонефрит
<variant> тынжы-тас ауруы
<variant> созылмалы пиелонефриттің өршу
<variant> бүйрек туберкулезі
<question>Ісінудің дұрыс анықтамасын таңдаңыз:
<variant> ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, дене қуысына және/немесе жасуша аралық кеңістікке артық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады
<variant> ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек іш қуысына артық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады
<variant> ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек плевралық қуысқаартық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады
<variant> ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну – ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек перикард қуысынаартық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады
<variant> ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну – ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек жасушааралық кеңістікке сұйықтықтың жиналуымен сипатталады
<question>Патологиясын таңдаңыз:19 жаста науқастың шағымдары: күп болып ісіну, шөлдеу, бас ауруы, жай қалыпты ентігу. Науқас 10 күн алдын ангинамен ауырған. Об-ті: бетінің, аяқтарының, бел аймағының айқын ісінуі. АҚ 180/100 мм сын.бағ. Несепте: салыстырмалы тығыздығы 1029, белок 4,5 г/л, лейк. 10-15 к/а., эр. балғын және ескірген 3-5 к/а, гиалинді цилиндрлер 3-4 к/а. Тәуліктік диурезі 300 мл.
<variant> нефроздық синдром
<variant> бүйректің жедел зақымдалуы
<variant> өзекшелік жіті ацидоз
<variant> тез үдеуші гломерулонефрит (БПГН)
<variant> бүйректің созылмалы шамасыздығы, терминаль сатысы
<question>Диагнозды белгілеп, тиімді емді таңдаңыз:38 жаста науқас салмағының жоғарылауын, терлегіштіктің азаюын, бет терісінің домбығуына шағымданды. Ұзақ уақыт

созылмалы тонзиллиттен зардап шегеді. Об-ті: бойы 158 см, салмағы 89 кг. Терісінде көк жолақтар жоқ, айқын гиперкератоз. Беті домбыққан, көздері ісінген. ЖЖС56 мин. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қанда глюкоза 3,3 ммоль/л.
<variant> гипотиреоз, тиреоидты дәрмектермен ем
<variant> гиповитаминоз, витаминотерапия
<variant> бүйректік ісіну, диуретиктерді тағайындау
<variant> бүйректік ісіну, қабынуға қарсы терапия
<variant> семіздік, субкалориялы диета тағайындау
<question>Болжам клиникалық диагнозын таңдаңыз: 24жастағы науқаста ангинамен ауыруының үшінші тәулігінде ісіну, макрогематурия, АҚ жоғарылауы дамыды.
<variant> созылмалы гломерулонефриттің өршуі
<variant> жіті гломерулонефрит
<variant> жіті пиелонефрит
<variant> апостематозды нефрит
<variant> бүйрек амилоидозы
<question>Асқынуын таңдаңыз: 69 жастағы әйел, 11 жылдан бері тынжы-тас ауруы бар, екіншілік пиелонефритпен дертті, 4 жыл бұрын операциялық емді басынан өткерген. Соңғы бір жылда АҚ 190/100-200/110 мм сын. бағ. дейін тұрақты жоғарылаған, бетінің ісінуі дамыған. Нв 110г/л, эр. $3,0x10^{12}$/л,ТК 0,8; ЭТЖ 20 мм/сағ., креатинині 200,0 мкмоль/л.
<variant> бүйректің созылмалы шамасыздығы
<variant> бүйректің жедел шамасыздығы
<variant> жедел интерстицийлік нефрит
<variant> созылмалы тубулоинтерстицийлік нефрит
<variant> паранефрит, бүйрек айналасы клетчаткасының абсцесі
<question>Бүйректік ісінумен сипатталатын симптомдар/синдромдардың жұптарын таңдаңыз:
<variant> нефроздық+гипертензиялық
<variant> дизуриялық+ауырсынулық
<variant> несептік+гипертензиялық
<variant> странгурия + поллакиурия
<variant> несептік+ауырсынулық
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз: науқас 24 жаста. Баспамен ауырғаннан 2 аптадан кейін ісіну синдромы, тұрақты бас ауруы пайда болған. Об-ті: анасаркаға дейінгі ісіну синдромы, АҚ130/80 мм сын.бағ. Қан анализінде: Hb 124 г/л, ЭТЖ 40 мм/сағ., жалпы белок 60 г/л, альбуминдер 50 г/л; НЖА: протеинурия 13,5 г/тәу., эр. 20 к/а., цилиндрлер 3-5 к/а. УДЗ бүйрек көлемі өзгермеген, тостағанша-астауша жүйесі өзгеріссіз.
<variant> жедел гломерулонефрит, нефроздық түрі
<variant> жедел гломерулонефрит,араластүрі
<variant> жедел гломерулонефрит, гипертензиялықтүрі
<variant> жедел гломерулонефрит, гематуриялық түрі
<variant> жедел гломерулонефрит, латентті түрі
<question>Синкопенің анықтамасын таңдаңыз:
<variant> негізгі клиникалық белгісі – сананың өтпелі бұзылысымен сипатталатын, постураль тонустың төмендеуінен – құлауға жалғасатын синдром
<variant> артериялық қысымының, САҚ 140; ДАҚ 90 мм сын. бағ. және одан жоғары болуымен сипатталатын синдром
<variant> хабаршылары пайда болғаннан кейін, құрысулардың дамуымен, сананың бұзылысымен сипатталатын синдром

<variant> гипогликемия жағдайына ұшырағандықтан, сананың бұзылысымен сипатталатын синдром
<variant> жіті атаксиялық жағдаймен сипатталатын синдром
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:39 жастағы әйелде келесі шағымдар бар: ұстамалы түрдегі басының қинайтын ауыруы, ол қорқыныш сезімімен, терлеумен, қол-аяқтары бастарының ине шаншығандай түйреуімен, жүрек қағуымен, жүрек аймағының ауыруымен бірге дамиды. Осындай уақыттарда АҚ$_{d=s}$200/115 мм сын. бағ. деңгейіне дейін жоғарылайды. Орнынан тұруға ұмтылу, естен танумен аяқталады.
<variant> феохромоцитома
<variant> артериялық гипертензияның қатерлі түрі
<variant> аорта коарктациясы
<variant> бейспецификалық аортоартериит (Такаясу ауруы)
<variant> фибромускулярлы дисплазия, САГ
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз: бүйректік эклампсияны гипертензиялық кризден айыратын белгі:
<variant> құрысу синдромының болуы,есінен тану
<variant> басынын күшту ауыруы
<variant> көз көруінің нашарлауы
<variant> тошнота
<variant> головокружение
<question>Осы жағдайдың себебін таңдаңыз:35 жастағы науқаст бір жыл бұрын басынан ревматизмдік емес миокардитті өткерген. Қазіргі кезде мезгіл-мезгіл қысқа уақытқа есінен танатын болған, сол уақытта ЖЖС 30 дейін азаятынын бақылаған.
<variant> толық АВБ, Морганьи-Адамс-Стокстің синдромы
<variant> ырғақтың күрделі бұзылысы, Фредерик синдромы
<variant> синус түйінінің бұзылу синдромы
<variant> бас ми жарақатының салдары, эпилепсия
<variant> атри-вентрикулдік блок I дәр
<question>Синкопенің себебін таңдаңыз:42 жастағы науқаста Менкеберг ақауы бар (изоляцияланған “әктенген” қолқалық стеноз).Соңғы 2 айда бірнеше рет қысқа уақытқа естен танған.
<variant> аорталық ақаулардағы синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аритмиялық синкопе
<variant> эпилепсия
<question>Синкопенің себебін таңдаңыз:17 жастағы жігітте: Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы, комбиниацияланған митраль-аорталық ақау: жұптасқан митральді ақау, шамасыздығының басымдылығымен; аорта қақпақтарының шамасыздығыбар. Соңғы екі айда физикалық күштемеде, бірнеше рет қысқа уақытқа есінен танған.
<variant> аорталық ақаулардағы синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аритмиялық синкопе
<variant> эпилепсия
<question>Науқастың естен танулары рефлекстің келесі түрімен байланыстысын таңдаңыз:37 жастағы әйел, соңғы 7-8 жылда жөтелгенде, күшенгенде, кейде тамақ жұтқанда дамитын қысқа

уақыттық естен танулардан зардап шеккен, психологтарда, кардиологтарда тексеріліп, қабылдаған ем-тәсілдердің барлығы нәтижесіз болған. Холтерлік зерттеулерде (бірінші рет – 72 сағат; екіншісінде 7 тәулік бақыланған) жоғарыдағы себепкер физиологиялық жағдайларда синус түйінінің қысқа уақыттық тоқтауы және қысқа уақыттық толық АВБ кезегімен дамитындығы дәлелденген. Денсаулығындағы ауытқулар мансабына зиян келтіретіндіктен радикальді ем талап етіп отыр.Науқасқа консилиуммен естен тану (синкопе) синдромы қойылды.
<variant> вагустық рефлекстерге
<variant> ортостаздық рефлексіне
<variant> мойындық вегетациялық – Абрамстың рефлексіне
<variant> клиностатикалық (clinostaticus) Даниелополудың рефлексіне
<variant> рефлексіне, Ортнердің
<question>Нәтижелі емдік шараларды және оның механизмін таңдаңыз:37 жастағы әйел, соңғы 7-8 жылда жөтелгенде, күшенгенде, кейде тамақ жұтқанда дамитын қысқа уақыттық естен танулардан зардап шеккен, психологтарда, кардиологтарда тексеріліп, қабылдаған ем-тәсілдердің барлығы нәтижесіз болған. Холтерлік зерттеулерде (бірінші рет – 72 сағат; екіншісінде 7 тәулік бақыланған) жоғарыдағы себепкер физиологиялық жағдайларда синус түйінінің қысқа уақыттық тоқтауы және қысқа уақыттық толық АВБ кезегімен дамитындығы дәлелденген. Денсаулығындағы ауытқулар мансабына зиян келтіретіндіктен радикальді ем талап етіп отыр. Науқасқа консилиуммен естен тану (синкопе) синдромы қойылды.
<variant> фармакологиялық немесе хирургиялық симпатэктомия түрлі стрестердің жүрек ырғағына әсерін тыяды, миокардтың стрессорлық ықпалдарға тұрақтылығын арттырады
<variant> тұрақты ЭКС жүректің ырғағын өзі қадағалайды, сондықтан стрессорлық ықпалдарда синкопелік асқынулар дамымайды
<variant> қажеттілігіне орай (de-mand) ЭКСстрессорлық ықпалдарда синкопелік асқынуларды тыяды
<variant> кардиопротекторлармен ем; миокардтың стрессорлық ықпалдарға тұрақтылығын арттырады
<variant> бета-адреномиметиктермен ем, атри-вентрикулдік өткізгіштікті жақсартады
<question>Науқастың қысқа уақыттық естен тануының механизміндеріндегі қатені таңдаңыз, есінен қысқа уақытқа жиі танатын, 59 жастағы әйел кісіге: Аяқ веналарының варикозды кеңеюі. Асқ: Синкопе диагнозы қойылды.
<variant> синкопенің ортостаздық механизмі
<variant> төменгі қуыс венадан қанның аяқ веналарына орынан тез тұрған кезде салмағымен кері ағып, аяқ веналарында іркілуі
<variant> айналымдағы қан көлемінің күрт азаюы
<variant> жүрекке келетін қан көлемінің азаюы
<variant> минуттық қан көлемінің азайып, мидың диффузды ишемиясының дамуы
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:47 жастағы ер кісіні соңғы 2-3 айда ұйқыдан соң, орнынан тұра бергенде дамитын естен танулар мазалайды, естен танған кезде терісі көгереді, қайта жатқызғанда есін жинайды. Анамнезінен: жас кезінде ревматизмдік қызбаның болғандығы, әскерге алынбағандығы мәлім болды. Бұл дертіне байланысты есепке түрып, ем қабылдамаған. Кейінгі 7-8 жылда жүрегінің лүпілін, шалыс соғатындығын байқаған, бірнеше рет ЭКГ түсіріп, дигоксинді жарты таблеткадан жүйесіз қабылдаған.
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы, сол жүрекше тромбы, синкопе
<variant> жүректің тума ақау синдромы, қарыншалық экстрасистолия, синкопе
<variant> дилятациялық кардиомегалия, жүрекшелер фибрилляциясы, синкопе

<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<question>Синкопе механизмін таңдаңыз:47 жастағы ер кісіні соңғы 2-3 айда ұйқыдан соң, орнынан тұра бергенде дамитын естен танулар мазалайды, естен танған кезде терісі көгереді, қайта жатқызғанда есін жинайды. Анамнезінен: жас кезінде ревматизмдік қызбаның болғандығы, әскерге алынбағандығы мәлім болды. Бұл дертіне байланысты есепке түрып, ем қабылдамаған. Кейінгі 7-8 жылда жүрегінің лүпілін, шалыс соғатындығын байқаған, бірнеше рет ЭКГ түсіріп, дигоксинді жарты таблеткадан жүйесіз қабылдаған.
<variant> сол жүрекшеге тромб байлануы, орнынан көтерілгенде сол а/в тесікті уақытша бітеп қалуы
<variant> жүрекшелер фибрилляциясы, пульс тапшылығы
<variant> митральді стеноздың кризистік өлшемдерге жетуінен
<variant> синус түйінінің қысқа уақыттық асистолиясынан
<variant> өтпелі толық АВБ
<question>Тағы қандай патологиялардың осындай механизмдермен синкопе шақыратынын таңдаңыз:жүктіліктің 30 аптасынан кейін жүктілердегі естен танудың механизмі – жүкті әйел горизонталь қалыпқа жатқанда, үлкейген жатырдың төменгі қуыс венасын басып, жүрекке келетін қан көлемінің және минуттық қан көлемінің күрт азаюымен байланысты (парадокстік синкопе).
<variant> құрсақ қуысында орналасқан “аяғы бар” ісіктер
<variant> аналық безінің кисталары
<variant> парааппендикстік инфильтраттар
<variant> жаралы колит
<variant> дуглас кеңістігінің перитониті
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:19 жасар, есінен жиі танатын жігіттің АҚ 170/100-180/100 мм сын. бағ. деңгейіне жоғарылаған. Аяқтарында әлсіздік бар, жүргенде күшейеді. Об-ті: пальпацияда сол II-III қабырға аралықта систолалық діріл сезілді. Жүректің сол шегі бұғана орта сызығынан 4 см тысқары, төмен ығысқан; оң II-III к/а дөрекі систолалық айдау шуы естілді, шу жауырын аралығына, жүрек ұшына, мойын тамырларына тарайды. Пульс кернеуі мен толуы жоғары, ырғақты, минутына 72 рет. АҚ қолдарында 180/120 мм сын. бағ., аяқтарында 110/70 мм сын. бағ.
<variant> синкопе, жүректің ақаулық синдромы (тума ақау, аорта коарктациясы?), кардиомегалия – аорталық конфигурациялы, САГ
<variant> синкопе, кардиалгия, жүректің жүре дамыған ақаулық синдромы, кардиомегалия, САГ
<variant> артериялық гипертензия (нефрогенді?), жүректің жүре дамыған ақаулық синдромы, кардиомегалия
<variant> синкопе, кардиалгия, қызба, аортит-артериит (Такаясу ауруы)
<variant> синкопе, гипергемодинамика, диффузды токсиндік жемсау
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 57 жастағы әйел соңғы 6-8 ай барысында кенет дамитын ентігу мен соңғы 2-3 айда бірнеше рет есінен танғанына шағымданып келді. Ревматизмдік анамнезі, қандас туғандарында жүрек патологиясы жоқ. Жарты жыл бұрын ЭКГ, ЭхоКГ зерттеулерінен өткен, дәрігер өңеш арқылы ЭхоКГ жолдама берген, науқас одан өтпеген. Об-ті: жүрек шектері өзгермеген, тондары анық, ырғақты, ЖЖС 74 мин. АҚ 130/70 мм сын. бағ.
<variant> сол жүрекше миксомасы
<variant> жүректің шар тәріздес тромбы
<variant> митральді стеноз

<variant> аорта сағасының стенозы
<variant> толық АВБ
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 70 жастағы ер кісі, мойнына галстук тағып, басын бұра бергенде есінен танып қалды. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл. АҚ 80/50 мм сын. бағ., ЖЖС 40 мин. Шұғыл түсірілген ЭКГ: ырғақ көзі синусты, ЖЖС 36 мин. Ошақты патологиялық өзгерістер жоқ. Науқас есін 1,5 мин шамасында жиды. Қайта жасалған ЭКГ: ырғағы синусты, ЖЖС 68 мин. Ошақты патология белгілері жоқ.
<variant> каротид синусының синдромы (синдром каротидного синуса), синкопе
<variant> аритмогенді естен тану
<variant> ортостаздық естен тану
<variant> эпилепсия
<variant> обструкциялық ГКМП, синкопе
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:59 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Невропатологтар қажетті зерттеулер жасап, дертінің олар тарапынан еместігін дәлелдеген.Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген, алдыңғы жайылма тыртық белгілері.
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы (толық АВБ); миокардтың ишемиялық өзгерістер (тыртықтық сатысы) синдромы; АГ; гепатомегалия, синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы; qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы, ГБСА толық блогі, синкопе
<variant> ырғақ, өткізгіштіктің күрделі бұзылысы – Фредерик синдромы, синкопе
<variant> артық салмақ (алиментарлы семіздік); миокардтың зақымдану белгілері (семіздіктегі КМП); өкпелік гипертензия; кардиомегалия (қос қарыншаның гипертрофиясы)
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:59 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген. Алдыңғы жайылма тыртық белгілері.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың басынан өткерген инфаркті. Асқ: толық АВБ, МАС синдромы. Конк: Артериялық гипертензия II дәр, өте жоғары қауіп тобы (СҚГ, ЖИА)
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың басынан өткерген инфаркті. Асқ: Синкопе. Конк: Артериялық гипертензия II дәр, өте жоғары қауіп тобы (СҚГ, ЖИА)
<variant> тума – qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік.
Асқ.: Өкпе артериясы орта тармақтарының тромбэмболиясы. Инфаркті пневмония. Синкопе
<variant> генерализацияланған тонустық-клонустық құрысулармен эпилепсия
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:анасы 13 жасар ер баласын қабылдауға әкелді. Соңғы кездері бірнеше рет есінен танып, неврологтарда зерттеулер жүргізіліп, неврологиялық патологияларды жоққа шығарғанын мәлімдеді. Есінен тану қорқыныш, қобалжыған кездерінде болады, есту қабілеті сақталған. Баланың әкесі, атасы кардиологта есепте тұрады. Есту

қабілеттері бұзылмаған.Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты, ЖЖС 96 мин. АҚ 95/60 мм сын бағ.ЭКГ: ырғақ көзі синусты, ЖЖС 90 мин. qT интервалы ЖЖС санына сай көрсеткішінен ұзақ (0,43сек). Балаға отырып-тұрғызу жүктемесі жасалды, ЭКГ түсірілді. Синусты ырғақ, ЖЖС 120 мин., ЖЭӨ вертикаль, qT интервалы жиілеген ЖЖС сай қысқармады, керісінше ұзарды.
<variant> қарыншалар реполяризациясының баяулау синдромы; синкопе
<variant> qT интервалының тума ұзару синдромы; синкопе; тұқым қуалаушылық
<variant> каротид синусының синдромы (синдром каротидного синуса), синкопе
<variant> аритмогенді естен тану
<variant> ортостаздық естен тану
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:54 жастағы әйелде соңғы 2 аптада бірнеше рет естен танулар болған. Анамнезінен: 37 жасынан аяғының терең веналарының варикозды кеңеюлері бар. 45-46 жасынан жүрек шамасыздығы тұрақталып, 2-3 дәрмектерді қабылдайды (периндоприл, гипотиазид, кардиомагнил). Об-ті: перифериялық ісінулер тобығына дейін. Бойы 168см; салмағы 96кг. Өкпесінде везикулалық тыныс, оң өкпесінің ортаңғы бөлігінің үстінде тыныс әлсіреген, крепитациялар естіледі. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, ЖЖС 102 мин., сол II қ/а II тонның айқын акценті. АҚ 135/85 мм сын. бағ. Бауырының Курловпен өлшемдері 14х11х9см. ЭКГ: ырғағы синусты, 104 мин., ЖЭӨ солға ығысқан. Тісшелерінің вольтажы төмен. Қос қарынша гипертрофиясының белгілері.
<variant> артық салмақ; миокардтың зақымдану белгілері (семіздіктегі КМП); өкпелік гипертензия; кардиомегалия; өкпе тінінің тығыздалу синдромы; веналардың варикозды кеңеюі; синкопе, ЖШ
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы (толық АВБ); миокардтың ишемиялық өзгерістер – тыртықтық сатысы – синдромы; АГ; гепатомегалия, синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы; qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> артериялық гипертензия синдромы, миокардтың зақымдану синдромы, артық салмақ, синкопе
<variant> артық салмақ, веналардың варикозды кеңеюі; синкопе,өкпе тінінің тығыздалу синдромы
<question>Жетекші синдромын және диагнозын таңдаңыз:54 жастағы әйелде соңғы 2 аптада бірнеше рет естен танулар болған. Анамнезінен: 37 жасынан аяғының терең веналарының варикозды кеңеюлері бар, ем қабылдамаған. 40 жасынан естен танулар қосылған. 45-46 жасынан жүрек шамасыздығы тұрақталып, 2-3 дәрмектерді қабылдайды (периндоприл, гипотиазид, кардиомагнил). Об-ті: перифериялық ісінулер тобығына дейін. Бойы 168см; салмағы 96кг. Өкпесінде везикулалық тыныс, оң өкпесінің ортаңғы бөлігінің үстінде тыныс әлсіреген, крепитациялар естіледі. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, ЖЖС 102 мин., сол II қ/а II тонның айқын акценті. АҚ 135/85 мм сын. бағ. Кеуде сарайы органдарының екі проекциядағы рентгенограммасында: өкпе түбірінің оң жақта кеңеюі, ортаңғы бөлігінде периинфаркті пневмония белгілері.
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік. Асқ.: Өкпе артериясы орта тармақтарының тромбэмболиясы. Инфаркті пневмония. Синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік III дәр. Асқ.: Синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік III дәр. Асқ.: Дәрмектік синкопе
<variant> жүйелі атеросклероз. Аорта атеросклерозы. Аорта қақпақтарының шамасыздығы. Синкопе. Фон: Алиментарлы семіздік

<variant> ауруханадан тыс пневмония, оң өкпенің орта бөлігінің. Асқ.: инфекциялық-токсиндік шок
<question>Дұрыс тұжырымдарын таңдаңыз :19 жастағы жігітте экссудатты плеврит, торакальді хирург пункцияға дайындады. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, перифериялық ісінулер жоқ. Перкуссияда кеуде сарайының оң жартысында III қ/а төмен, жоғарғы шегі қолтық астына қарай қиғаш жоғарылаған, өкпе дыбысының қысқаруы бар. Аускультацияда ол аймақ үстінен тыныс естілмеді, ТЖ 26 мин. Жүрек тондары анық, ырғақты, ЖЖС 100 мин. Дәрігер пункциялық инені енгізіп, сұйықтықты ағызды, науқас қысқа уақытқа есінен танып қалды.
<variant> плевра қуысына сұйықтық жиналу синдромы; ТШ, ЖШ. Плевралық пункция, синкопе
<variant> плевра қуысына сұйықтық жиналу синдромы; ТШ, ЖШ, инфекциялық-токсиндік шок
<variant> өкпе тінінің тығыздалуы синдромы, ТШ, ЖШ, инфекциялық-токсиндік шок
<variant> плевра қуысына ауа жиналу синдромы; ТШ, ЖШ, синкопе
<variant> сол қарыншалық жедел щамасыздық синдромы, өкпе шемені
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 33 жастағы жақында босанған әйелде адинамия, басының ауыруы, терісінің құрғауы, ішінің қатуы, жиі естен танулар, салмақ жоғалту дамыды. Шаштары мен қасының және жыныс мүшесі аймағының түктерінің түсе бастағандығын да байқаған. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 54 мин.
<variant> Шиеннің (Шиханның) синдромы
<variant> екіншілік гипотиреоз
<variant> біріншілік гипотиреоз
<variant> созылмалы гипокортицизм
<variant> екіншілік гипогонадизм
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:38 жастағы ер кісі бас ауыруына, айналуына, естен тануларға шағымданып келді. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы бар. Жүрек шектері солға және төмен ығысқан, оң II қ/а және төс сүйегінің сол қырымен жоғары тембрлі, кеми түсетін, протодиастолалық шу, II тон әлсіреуі естілді. Тамырларда Траубенің қос тоны, Дюрозьенің қос шуы, Квинке пульсі, білезік артериясында пульс биік, секірмелі, 100 мин. АҚ 160/50 мм сын. бағ.
<variant> бөліктік кардиомегалия, аорта қақпақтарының шамасыздығы, САГ, синкопе
<variant> бөліктік кардиомегалия, сол а/в тесіктің стенозы, артериялық гипотензия, синкопе
<variant> бөліктік кардиомегалия, аорта сағасының стенозы, артериялық гипотензия, синкопе
<variant> бөліктік кардиомегалия, митраль қақпақтарының шамасыздығы, синкопе
<variant> бөліктік кардиомегалия, үшжармалы қақпақтарының шамасыздығы, синкопе
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз:35 жастағы науқас басының ауыруына, басының айналуына, естен тануларға шағым айтады. Об-ті: жүректің негізінде, II тыңдау нүктесінде мойын тамырларына таралатын дөрекі мезосистолалық шу естілді. Вальсальв сынамасында шу азаяды және тыныста шығарғанда өзгермейді. ЭКГ: сол қарыншаның гипертрофиясы, сол қарыншаға күш түсу. Рентгенограммада: жүрек конфигурациясы «жүзген үйрек» тәрізді.
<variant> кардиомегалия (аорталық конфигурациялы), қақпақтық ақау синдромы (аорталық стеноз), синкопе
<variant> кардиомегалия (аорталық конфигурациялы), қақпақтық ақау синдромы (аорта қақпақтарының шамасыздығы), синкопе
<variant> кардиомегалия (митральді конфигурациялы), қақпақтық ақау синдромы (митральді қақпақтарының шамасыздығы)
<variant> кардиомегалия (митральді конфигурациялы), қақпақтық ақау синдромы (сол Атривентрикулдікқ тесіктің стенозы)
<variant> кардиомегалия (митральді конфигурациялы), қақпақтық ақау синдромы

(жұптасқан митральді ақау, стеноздың басымдылығымен)
<question>Жетекші синдромдары мен осы жағдайда қарсы көрсетілген дәрмектер тобын таңдаңыз:42 жастағы ер адам, кардиолог-дәрігерде гипертрофиялық кардиомиопатиямен (сол жақ қарыншаның шығу жолының обструкциясы бар) есепте тұрады. Соңғы кездері физикалық күш түскенде стенокардияға тән ауыру сезімі мазалап, ентігіп, антиангиналық дәрмектер қабылдаған. Бірақбасы айналып, естен танулар қосылған. Жағдайының нашарлауын жүрегі қысқанда ішкен дәрмектерімен байланыстырады.
<variant> кардиомегалия (ГКМП обструкциямен), ангинальді, жүрек шамасыздығы, синкопе, нитраттар
<variant> кардиомегалия (ГКМП обструкциямен), ангинальді, жүрек шамасыздығы, бета-блокаторлар
<variant> кардиомегалия (ГКМП обструкциямен), ангинальді, жүрек шамасыздығы, кальций антагонистері
<variant> кардиомегалия (ГКМП обструкциямен), ангинальді, жүрек шамасыздығы, кордарон
<variant> кардиомегалия (ГКМП обструкциямен), ангинальді, жүрек шамасыздығы, жүрек гликозидтері
<question>Бауырда дамуы мүмкін өзгерістерді таңдаңыз:59 жастағы ер кісіде өкпенің созылмалы обструкциялық ауру, басым бронхиттік түрі, декомпенсацияланған созылмалы өкпе текті жүрек.
<variant> порталық гипертензия, бауырдың жүректік фиброзы
<variant> цитолиз, майда түйінді цирроз
<variant> созылмалы гепатит
<variant> майлы гепатоз
<variant> фульминантты гепатит
<question>Осы науқастың бауырында дамуы мүмкін өзгерістерді таңдаңыз:52 жастағы әйелде өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы, созылмалы ӨТЖ, декомпенсацияланған, ЖШФК 3.
<variant> порталық вена жүйесіндегі гипертензия, уақыт өте бауырдың фиброзы
<variant> гепатоциттердің цитолизі, майда түйінді цирроз
<variant> созылмалы озбыр гепатит
<variant> майлы гепатоз
<variant> фульминантты гепатит
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз: 32 жастағы науқас басының ауыруына, айналуына, естен тануға шағым айтты. Об-ті: жүректің негізінде, екінші тыңдау нүктесінде мойын тамырларына таралатын дөрекі мезосистолалық шу естілді. Вальсальв сынамасында (орнынан көтеріле бергенде) шу азаяды. ЭКГ: сол қарыншаның гипертрофиясы. Рентгенограммада: жүрек конфигурациясы «жүзген үйрек» тәрізді.
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы (аорталық стеноз), кардиомегалия, синкопе
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы (аорта қақпақтарының шамасыздығы), кардиомегалия, АГ
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы (митральді қақпақтарының шамасыздығы), кардиомегалия,синкопе
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы (сол Атривентрикулдікқ тесіктің стенозы), кардиомегалия, артериялық гипотензия
<variant> тума қақпақтық ақау синдромы (қарыншааралық перденің дефекті), синкопе
<question>Клиникалық диагнозын таңдаңыз: 34 жастағы жүктілігі 19-20 апталық әйелдің салмағы артық, қалқанша безі I дәрежелі ұлғайған, беті ісіңкі, терісі құрғақ, тілі үлкен. Пульсі 64 мин. Іші қатады. Шамалы экзофтальм, склерасының инъекциясы, Грефенің оң симптомы.

ТТГ қалыпты. Жалпы Т4 пен ТГ антиденелері жоғарылаған. Қалқанша безінің УДЗ: эхотығыздылығы әркелкі.
<variant> аутоиммунды тиреоидит, гипертрофиялық түрі, I дәр. жемсау, клиникалық гипотиреоз; эндокринді офтальмопатия
<variant> диффузды токсиндік жемсау I дәр., эндокринді офтальмопатия
<variant> аутоиммунды тиреоидит, гипертрофиялық түрі, эндокринді офтальмопатия
<variant> біріншілік клиникалық гипотиреоз, эндокринді офтальмопатия
<variant> диффузды токсиндік жемсау I дәр., ісінулік экзофтальм
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 16 жастағы жасөспірімде жоғары типті семіздік, беті айтабақтай, ойықтары көрінетін тері астылық көкшіл жолақтар. АҚ 160/100 мм сын. бағ. Рентгенде: түрік ершігі кеңіген.
<variant> ауру: Иценко-Кушингтің
<variant> пубертаттық кезеңнің гипоталамустық синдромы
<variant> экзогенді-конституциялық семіздік
<variant> андростерома
<variant> альдостерома
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. 10 жастағы қызды емханаға жүрек айнуы мен тоқтаусыз құсуға байланысты жеткізді. Сусызданған, интоксикация белгілері бар. Гликемия 3,2 ммоль/л. Несепте глюкоза жоқ. Ацетонурия +++.
<variant> ацетонемиялық құсу
<variant> диабеттік кетоацидоз
<variant> гипогликемиялық жағдай
<variant> тағамдық токсикоинфекция
<variant> бүйрекүсті безінің шамасыздығы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:34 жастағы ер кісіде артериялық гипертензияның 220/140 мм сын. бағ. дейін ұстамалы жоғарылауы; тремормен, терлеумен, тахикардиямен сипатталады. Өздігінен 20-30 минуттан соң қалпына келеді.
<variant> феохромоцитома
<variant> диффузды токсиндік жемсау (зоб)
<variant> ауруы: Иценко-Кушингтің
<variant> глюкокортикостерома
<variant> альдостерома
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:43 жастағы әйелді салмағының қосылуы, бетінің ісіңкілігі, терісінің құрғауы, іш қатпалары мазалайды. Қалқанша безі пальпацияланбайды. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмен, ал ТТГ жоғары.
<variant> біріншілік гипотиреоз
<variant> орталық генезді семіздік
<variant> екіншілік гипотиреоз
<variant> аналық бездерінің поликистоздық синдромы
<variant> гипоталамустық синдром
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 32 жастағы жақында босанған әйелде адинамия, басының ауыруы, терісінің құрғауы, ішінің қатуы, жиі естен танулар, салмақ жоғалту дамыды. Шаштары мен қасының және жыныс мүшесі аймағының түктерінің түсе бастағандығын да байқаған. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 54 мин.
<variant> синдромы:Шиеннің (Шиханның)
<variant> екіншілік гипотиреоз
<variant> біріншілік гипотиреоз

<variant> созылмалы гипокортицизм
<variant> екіншілік гипогонадизм
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 47 жастағы әйелде қалқанша безі үлкейген, тығыздығы әркелкі. УДЗ: эхотығыздылығының жоғары және төмен ошақтары анықталды. Пункциялық биопсияда: лимфоидты инфильтраттар ошақтары. Т3, Т4, ТТГ қалыпты.
<variant> аутоиммунды тиреоидит
<variant> эндемиялық жемсау (зоб)
<variant> қаоқанша безінің аденокарциномасы
<variant> тиреоидиті – Ридельдің
<variant> жедел іріңді тиреоидит
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:22 жастағы ер кісіде соңғы 10 жылда артық салмақ, тән орналасулармен көкшіл жолақтар (striae), АҚ кезеңімен жоғарылауы, шынтақ пен қолтық асты терісінің гиперпигментациясмы бар.
<variant> гипоталамустық синдром
<variant> глюкокортикостерома
<variant> ауруы: Иценко-Кушингтің
<variant> синдромы: Конның
<variant> нейрогендік семіздік
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:35 жастағы әйел мойын аймағындағы, құлағына тарайтын ауырсыну мен жұтынуының қиындауына шағымданды. Жағдайының өзгеруін басынан өткерген ЖРВА байланыстырады. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, дене қызуы $37,8^0$С. Қалқанша безі 2 дәрежеге дейін үлкейген, тығыз, сипағанда ауырады, қозғалуы шектелген, үстіндегі тері ылғалды, ыстық. Пульсі 96 мин. АҚ 120/80 мм сын. бағ. ҚЖА: Нв 134 г/л, лейк. 9,8 мың. ЭТЖ 30 мм/сағ.
<variant> жеделдеу тиреоидит (Де-Кервена)
<variant> тиреотоксикоз
<variant> фиброзды тиреоидит
<variant> аутоиммунды тиреоидит
<variant> жедел іріңді тиреоидит
<question>Дамыған асқынуын бөліңіз: 58 жастағы, 8 жылдан бері қантты диабетпен дертті, антигипергликемиялық дәрмектер қабылдайтын, ер кісіде, туыстарының айтуынан соңғы 7 күнде полиурия, полидипсия, әлсіздік, ұйқышылдық біртіндеп дамыған. Об-ті: санасы жоқ, беткей арефлексия, жиілеген тыныс (ацетон иісі жоқ). Терісі құрғақ, көз алмаларының тоеусы төмен. Өкпесінді везикулалық тыныс, сырылдар жоқ. АҚ 90/70 мм сын. бағ. Іші жұмсақ, ауырмайды. Қан анализінен: гипергликемия 55ммоль/л; плазманың осмостығы 380мосм/л (N 320 жоғары емес). НЖА: глюкозурия, ацетон жоқ.
<variant> гиперосмостық кома
<variant> гиперкетонемиялық кома
<variant> церебральді кома
<variant> гиперлактацидемиялық кома
<variant> гипогликемиялық кома
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:9 жастағы қызды анасы қабылдауға келесі шағымдарымен әкелді: денесінің қызуын сезу, тершеңдік, соңғы 3 айда 5 кг салмақ жоғалту. Об-ті: көңіл-күйі тұрақсыз, жылауық. Тынымсыз, қол саусақтарының майда треморы бар. Тері жамылғылары ыстық, ылғалды, көздің ағында көзін төмен түсіргенде ақ жолақ сақталп қалады. Грефе симптомы оң. Қалқанша безі диффузды ұлғайған, тығыздылығы артқан, үстінен

систолалық шу естілді. Тыныш күйдегі тахикардия, жүрек ұшы түрткісі күшейген. Үлкен дәреті жиі.
<variant> диффузды-токсиндік жемсау (зоб)
<variant> гипертиреоз
<variant> гипотиреоз
<variant> эутиреоздық жемсау (зоб)
<variant> гипоталамустық синдром
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:38 жастағы ер кісіде гипергликемия анықталды. Об-ті тексергенде: бет әлпеті өзгерген – мұрыны, құлақтары, төменгі жақ сүйектері мен қол және аяқ бастары ұлғайған. Бас ми сауытының рентгендік суреттерінде: бас сүйегінің күмбезі, қарақұсының төмпектері қалыңдап, түрік ершігі кеңіген. Соматотропты гормон продукциясының жоғарылауы нақталды.
<variant> акромегалия
<variant> қантты диабет
<variant> ауруы: Иценко-Кушингтің
<variant> глюкагонома
<variant> кортикостерома
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 50 жастағы, дене салмағы артық әйелде аш қарынға гликемия деңгейінің артқандығы нақталды: 6,9 и 7,2 ммоль/л.
<variant> қантты диабет, 2 типті
<variant> семіздік
<variant> қантты диабет 1 типті
<variant> гликемиясының ашқарындағы бұзылысы
<variant> глюкозаға толеранттылығының (төзімділігінің) бұзылуы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 17 жастағы жігітте инсулинге тәуелді қантты диабеті 6 жылдан бері: тәулігіне бір рет 18 бір. актрапидті, 38 бір. инсулин лентені, 40 бір. инсулин-ультралентені егеді. Шағымдары: басының тұрақты ауыруы, бас айналулары, көз көруінің мезгілдермен өтпелі нашарлауы, мінезінде озбырлықтың пайда болуы, жұмысқа қабілетінің нашарлауы, ұйқышылдық. «Гипогликемияға» ұқсайтын жағдайларда гликемиясы 15,3 ммоль/л деңгейінде болған. Тұрақты протеинурия, мочевинасы қалыпты. АҚ 170/90 мм сын. бағ.
<variant> инсулинге тәуелді қантты диабет, ауыр ағымды, декомпенсация фазасы, Сомоджи синдромы, диабеттік нефропатия 2 дәр.
<variant> инсулинге тәуелді қантты диабет, ауыр ағымды, декомпенсация фазасы, Сомоджи синдромы, диабеттік нефропатия 3 дәр.
<variant> инсулинге тәуелді қантты диабет, ауыр ағымды, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатия 2 дәр.
<variant> инсулинге тәуелді қантты диабет, ауыр ағымды, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатия 2 дәр., Киммелстилл-Уилсон синдромы
<variant> инсулинге тәуелді қантты диабет, ауыр ағымды, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатия 2 дәр., диабеттік энцефалопатия
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:14 жастағы қыз бала, гестозды жүктіліктен, бас ауыруына, тәбетінің жоғарылауына шағымданады. Бойы ұзын, салмағы артық, фолликулярный гиперкератоз, сандарында қызғылт жолақтар. АҚ 130/70 мм сын. бағ. Жыныстық жетілуі: Ма , Ах , Р , menses 12 жасынан.
<variant> пубертаттық кезеңнің гипоталамустық синдромы
<variant> гипотиреоздық семіздік
<variant> синдром: Иценко – Кушингтің

<variant> зкзогенді – конституциялық семіздік
<variant> гипоовариальді семіздік
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 38 жастағы әйел кісінің шағымдары: мойнының желкесіне таралатын ауыруы, жұтынуының қиындауы. Басынан өткерген ЖРВА байланыстырады. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлық дәрежесінде, дене қызуы 37,8^{0}С. Қалқанша безі 2 дәрежелі үлкеіген, тығыздалған, пальпацияда ауырады, қозғалуы шектелген. АҚ 120/80 мм сын. бағ. Қан анализдерінен: Нв 130 г/л, лейк. 9,8х10^9/л, ЭТЖ34 мм/сағ. FT$_4$89 нмоль/л.
<variant> жеделдеу (Де-Кервеннің) тиреоидит
<variant> диффузды токсиндік зоб
<variant> фиброзды тиреоидит
<variant> созылмалы аутоиммунды тиреоидит
<variant> жедел (жіті)іріңді тиреоидит
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 27 жастағы әйелдің дене салмағы артық, бір жыл бойына етеккірінің келу реттілігі бұзылған. Сандары мен ішінің, сүт бездерінің терісінде қызыл-көкшіл жолақтар. АҚ 140/90 мм сын. бағ. Глюкозаға төзімділік тестінде ашқарында 4,5 ммоль/л; глюкозамен сынамадан кейін 2 сағаттан соң 8,6 ммоль/л. КТ: бүйрек үсті бездерінің екі жақты гиперплазиясы. Қанда кортизол деңгейі таңғы 8-де 1060 нг/л (N – 260-720 нг/л); сағат 14-те 1250 нг/л.
<variant> Иценко-Кушингтің ауруы
<variant> церебральді семіздік
<variant> гипоталамустық синдром
<variant> синдром: Штейн-Левентальдің
<variant> экзогенді-конституциялық семіздік
<question>Болжам диагнозы мен ең бірінші көмекті таңдаңыз: қантты диабетпен ауыратын науқасты қабылдау бөліміне ауыр жағдайда жеткізді, бұл жағдай уланып, көптеген құсулар мен ішінің өтуінен соң дамыған. Айқын сусыздануды, гипотонияның клиникасы, олигоурия. Гликемия 27 ммоль/л, плазма осмостығы 380 ммоль/л (320ммоль/л), несептің ацетонға тесті теріс.
<variant> гипергликемиялық гиперосмостық кома; гипотониялық ерітінді 1 л/сағ.
<variant> гипергликемиялық гиперосмостық кома; инсулиннің 20 бір болюспен
<variant> гипергликемиялық гиперкетонемиялық кома; инсулинді тамшылатып 12-14 бір/ сағ.
<variant> гипергликемиялық гиперкетонемиялық кома; физиологиялық ерітінді1 л/сағ.
<variant> гипогликемиялық кома; коллоидты ерітінділер 500 мл/сағ.
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:дәрігерге 32 жастағы әйел кісі көрінді: жүрек қағуы, ентігу, әлсіздік, ашушаңдық, тершеңдік, салмақ тастау. Анамнезінен: 4-5 ай шамасында дертті, қатты күйзеліспен байланыстырады. Об-ті: әбігершілігі, көздерінің жалтырауы, қол саусақтарының дірілі, гипергидроз анықталды. Өкпесінде везикулалық тыныс. Жүрек тондары күшті, ырғақты, ЖЖС 110 мин. АҚ 160/70 мм сын. бағ.
<variant> гипертиреоз
<variant> нейроциркуляциялық дистония
<variant> гипотиреоз
<variant> феохромоцитома
<variant> біріншілік альдостеронизм
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:6 жастағы балғынның бойы құрдастарынан кем, әкесінің бойы 170 см, анасының бойы 160 см. Тексергенде: сүйектік жасы 3 жасар баланың

жасына сәйкес. ТТГ деңгейі қалыпты. Инсулинмен сынамада СТГ барлық уақыттардағы деңгейі 5 нг/л жоғары емес.
<variant> соматотропты гормонның (СТГ) изоляцияланған дефициті
<variant> жанұялық тапалдық (бәкенелік)
<variant> соматогенді нанизм
<variant> церебральді-гипофиздік нанизм
<variant> тума гипотиреоз
<question>Себебін таңдаңыз: 15 жастағы қантты диабеттің 1 типімен дертті жасөспірімде тек ертеңгілік ашқарындық гипергликемия.
<variant> “таң шапағы – утренней зари” синдромы
<variant> түскі ас алдындағы тез әсерлі инсулиннің аздығы
<variant> таңғы ас алдындағы тез әсерлі инсулиннің аздығы
<variant> кешкі ас алдындағы тез әсерлі инсулиннің көптігі
<variant> түскі ас алдындағы қысқа әсерлі инсулиннің аздығы
<question>Инсулинге тұрақтылық даму механизмдерінің бауырлық патогенезін таңдаңыз:
<variant> гликолиз
<variant> липолиз
<variant> глюконеогенез
<variant> катаболизм
<variant> анаболизм
<question>Болжам диагнозын табыңыз:50 жастағы әйелде ашушаңдық, жалпы әлсіздік, тәулігіне 20 ретке дейінгі “ыстық құйылулары” бар. Об-но: гипергидроз, қызғыш дермографизм, АҚ 150/60 мм сын. бағ. ЖЖС 86 мин. Қынап кілегейі атрофияланған.
<variant> патологиялық климакс
<variant> жатыр миомасы
<variant> тиреотоксикоз
<variant> эндометриоз
<variant> артериялық гипертензия
<question>Диабеттің бұл типінің патогенездік емінің мақсатын таңдаңыз: 57 жастағы, дене салмағы артық ер кісіде екі рет гликемияның ашқарындағы 8,9 және 10,9 ммоль/л дейін жоғарылауы анықталды. Емхананың эндокринологі қантты диабеттің 2 типін тұжырымдады.
<variant> перифериялық тіндерінің инсулинге сезімталдығын арттыру
<variant> экзогенді инсулиннің әсерін күшейту
<variant> инсулиндік рецепторлардың сезімталдығын төмендету
<variant> ұйқы безінің Лангерганс аралшалары бета-клеткаларының қызметін белсендіру
<variant> ішекте глюкоза сіңірілуін азайту
<question>Дұрыс интерпертациясын таңдаңыз. 22 жастағы науқасқа ФГДС жасалды: Асқазанның кілегей қабаты қызарған, ісінген, көптеген геморрагиялар мен жалпақ эрозиялар бар. Асқазан қуысында көп көлемді, ұйысқан, жіпшеленген кілегей бар. Асқазан қыртыстары иректелген, қалың, бір-біріне жабысқан, үрлегенде (инсуфляция) жақсы жазылады, қыртыстарының қалыңдығы 5мм.




<variant> жедел гастрит, асқазанның жіті эрозиялары
<variant> асқазанның стрестік жарасы
<variant> созылмалы гастрит
<variant> асқазанның рагі
<variant> рефлюкс гастрит
<question>Дұрыс интерпертациясын таңдаңыз. 35 жастағы науқасқа ФГДС жасалды: Асқазанның кілегей қабаты жаппай қызарған, қалтқысы ашық. Асқазанның антраль бөлігінің қуысында көп мөлшерлі, сары-жасыл кілегей жиналған. Қыртыстары ісінген, кіші иінінде жіне қатпарларының жонында геморрагиялардың ошақтары көрінді.



<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалы рефлюкс-гастрит
<variant> жедел гастрит, асқазанның жітіэрозиялары
<variant> асқазанның стрестік жарасы
<variant> асқазанның рагі
<variant> созылмалы HP ассоциацияланған гастрит
<question>Дұрыс интерпертациясын таңдаңыз. 56 жастағы науқасқа ФГДС жасалды: Асқазанның антраль бөлігінің кілегей қабаты айқын қызарған, қан-қызыл ошақтары бар. Артқы қабырғасы мен үлкен иінінің қатпарлары күрт қалыңдаған, ісінген, ретсіз орналасқан, үрлегенде толық жазылмайды. Кілегей қабығы борпылдақ, біркелкі емес, ісіну ошақтары бар, гиперемия мен кілігей ішінің қан құйылулары.




<variant> асқазанның антраль бөлігінің созылмалы беткей гастриті, өршу фазасында
<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалырефлюкс-гастрит
<variant> жедел гастрит, асқазанның жітіэрозиялары
<variant> асқазанның стрестік жарасы
<variant> асқазанның рагі
<question>Дұрыс интерпертациясын таңдаңыз. 62 жастағы науқасқа ФГДС жасалды: Асқазанның кілегейі қуқыл, сұр реңкілі. Қатпарлары жұқарған, өлшемдері кеміген, бір жерлерде байқалмайды да. Кілегей асты қабаты жақсы көрінеді. Асқазан қуысында бұлыңғыр сұйықтық бар. Эндоскоптың тубусы тиген жерлер тез қанағыш.




<variant> диффузды (мультифокаль) атрофиялық гастрит

<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалы рефлюкс-гастрит
<variant> жедел гастрит, асқазанның жітіэрозиялары
<variant> асқазанның стрестік жарасы
<variant> асқазанныңрагі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 55 жастағы науқасқа ФГДС жасалды:
Асқазанның кілегейі гиперемияланған, қатпарлары қалыңдаған, бір жерлерінде геморрагиялық ошақтар. Кіші иінінде кілегейдің ойығы бар, D=2x3 см, саңылау тәріздес, шеттері айқын шектелген. Түбі тегіс, сары түсті фибринмен жабылған. Қыртыстары ойыққа қарай түйіскен (конвергенция). Асқазанның қабырғасы деформацияланған, биопсияда тиген жерлері қанағыш.



<variant> жара ауруы, асқазанның кіші иінінің орташа өлшемді созылмалы жарасы, асқазанның тыртықтық деформациясы
<variant> жара ауруы, 12 елі ішектің буылтығының орташа өлшемді созылмалы жарасы, 12 елі ішектің тыртықтық деформациясы
<variant> диффузды (мультифокаль) атрофиялық гастрит
<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалырефлюкс-гастрит
<variant> асқазанның рагі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 28 жастағы науқасқа ФГДС жасалды:
Асқазанның антраль бөлігінің кілегейі гиперемияланған, ісінген. 12 елі ішек буылтығының алдыңғы қабырғасында кілегейдің ойығы бар, D=8x10мм, кратер тәріздес, шеттері ісіңкі, қабынулық жұмалақ бар, қыртыстары ойыққа қарай түйіскен (конвергенция), перифериясында грануляциялық тін көрінеді.12 елі ішектің буылтығы деформацияланған, қуысы тарылған. Асқазан қуысында көп мөлшерлі, бұлыңғыр сұйықтық, жасылдау түсті. Эндоскоп тиген жерлері қанағыш.




<variant> жара ауруы, 12 елі ішектің буылтығының кіші өлшемді созылмалы жарасы, тыртықтану сатысы, 12 елі ішектің тыртықтық деформациясы
<variant> жара ауруы, асқазанның кіші иінінің орташа өлшемді созылмалы жарасы, асқазанның тыртықтық деформациясы
<variant> жара ауруы, 12 елі ішектің буылтығының ірі өлшемді созылмалы жарасы, 12 елі ішектің тыртықтық деформациясы
<variant> диффузды (мультифокаль) атрофиялық гастрит
<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалы рефлюкс-гастрит
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, тактикаңыз: 70 жастағы науқасқа ФГДС жасалды:

Асқазанның кілегейі жұқа, қуқыл- сұр реңкілі, кілегейасты тамырлары жақсы көрінеді, қатпарлары жойылған. Асқазанның түбінде кілегейінің бұрыс пішінді, шектері иректелген, анық емес, өлшемдері 6х7 см дефект анықталды, шеттерінде қабынулық жұмалақ жоқ. Ойықтың түбі бұдыр, кір-сұрғылт жабындысы бар, шеттері ригидті. Асқазан қабырғасының деформациясы анық, қатпарлары жойылған, перистиальтикасы баяу.



<variant> асқазанның рагі, онколог кеңесі
<variant> диффузды (мультифокаль) атрофиялық гастрит, орынбасушы ем
<variant> дуоден-гастерлік рефлюкс, созылмалы рефлюкс-гастрит, ЖДП дәрігерінде емдеу
<variant> асқазанның стрестік жарасы, гастроэнтерологта емдеу
<variant> асқазанның полипі, емге мұқтаж емес
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, тактикаңыз:28 жастағы әйел кісі ФКС зерттеуінен өтті: Жуан ішек кілегейі қызғыш, ішегі түйілген. Қуысында көп мөлшерлі кілегей бар. Ауамен үрлегенде науқас ауырсыну сезеді.



<variant> ішектің тітіркену синдромы, гастроэнтерологта емдету
<variant> ішектің полипі, емге мұқтаж емес
<variant> ішектің рагі, онколог кеңесі
<variant> бейспецификалық жаралы колит, гастроэнтерологта емдету
<variant> ауруы, Кронның, гастроэнтеролог және хирургтаемдету
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, тактикаңыз:38 жастағы әйел кісі ФКС зерттеуінен өтті: Жуан ішектің төмендеуші бөлігінде қабыну байқалды: кілегей қабаты күрт қызарған, зерниста,ісінген, қалыпты тамырлық сурет көрінбейді, тиген жерлері қанайды (сурет 1); терең емес беткей, жабындысы бар жаралар анықталды (сурет 2).Ауамен үрлегенде жазылуы қиын. Өрлеме ішектің кілегейі өгеріссіз.
Сурет 1



сур. 2



<variant> жуан ішектің дисталь бөлігінің бейспецификалық жаралы колиті, стационарлық ем көрсетілген
<variant> ішектің тітіркену синдромы, гастроэнтерологта емдету
<variant> ішектің рагі, онколог кеңесі
<variant> бейспецификалық жаралы колиті, гастроэнтерологтаамбулаторлы ем
<variant> ауруы, Кронның, гастроэнтеролог және хирургта емдету
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, тактикаңыз:35 жастағы әйел кісі ФКС зерттеуінен өтті: Мықын ішектің терминаль бөлігінде қабыну белгілері байқалды: кілегейі қызарған, ісінген, “зернистый вид” (сурет 1). Қабыну ішек қабырғасына бойлай енгендіктен, “тас көше” кейібі дамыған (сурет 2).Диагнозды таңдаңыз, тактикаңыз:



Сурет 1



Сурет 2
<variant> терминаль илеитпен сипатталған Кронауруы, орта дәрежелі ауырлықта, өршу фазасы, стационарлық ем ұсынылған
<variant> жуан ішектің дисталь бөлігінің бейспецификалық жаралы колиті, стационарлық ем ұсынылған
<variant> ішектің тітіркену синдромы, гастроэнтерологта емдету
<variant> ішектің рагі, онколог кеңесі
<variant> бейспецификалық жаралы колиті, гастроэнтерологта амбулаторлы ем
<question>Вильсон-Коновалов ауруының еміне қолданатын дәрмекті таңдаңыз:
<variant> д-пенициламин
<variant> глюкокортикоидтар
<variant> имуран
<variant> роферон
<variant> гептрал
<question>Описторхозды емдеуде қолданылатын дәрмекті таңдаңыз:
<variant> хлоксил
<variant> пиперазин
<variant> нафтамон
<variant> фенасал
<variant> дитразин

<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 23 жастағы науқас, оң жақ қабырға астында ауырлық сезімінің болуына, әлсіз сарғаюға, жалпы әлсіздікке, салмақ жоғалтуына, буындарының ауырсынуына шағымданып келді. Анамнезінде: балалық шақта жедел гепатитпен ауырған. Об-ті: тері жамылғысы сарғыш түсте, бірен-саран телеангиоэктазиялар бар. Бауыры ұлғайған, оң жақ қабырға доғасынан 2 см шығыңқы. Талағы пальпацияланбайды. Трансаминаза деңгейі 3 есе жоғарылаған, жалпы билирубин-32,8 мкмоль/л. Тимол сынамасы-9,3 бр. Қанда HBsAg антидене табылған.
<variant> созылмалы гепатит HBV
<variant> аутоиммунды гепатит
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
<variant> бауыр циррозы
<variant> жильбер ауруы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 56 жастағы әйел, терінің қышуына, сарғаюға, оң жақ қабырға астының ауырсынуына, салмақ жоғалтуына, жауырынаралық, иық аумақтарында қара дақтың пайда болуына шағымданды. Анамнезінде: 7 жыл бұрын жауырынаралық, иық аумақтарында пигментация пайда болған. 3-4 жыл көлемінде терінің қышуы мазалаған. Дерматологта емделген, нәтижесіз. Соңғы кездері терінің қышуы күшейіп, сарғаю пайда болған. Анализінде: тікелей фракциядан болған гипербилирубинемия, СФ, ГГТП айқын жоғарылаған, трансаминаза аздап жоғарылаған.
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
<variant> созылмалы гепатит вирусты себепті
<variant> вильсон-коновалов ауруы
<variant> өт тас ауруы
<variant> α_1-антитрипсиндік шамасыздық
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: науқас 43 жаста, жүргенде күшейетін оң жақ және сол жақ қабырға астының ауырсынуына, субфебрилді дене қызуының жоғарылауына, жиі мұрнынан қан кетуіне, 3 ай көлемінде бірден 12 кг салмақ жоғалтуына шағымданды. 4 жылдан бері ауырады, алғаш рет тері жамылғысының қараюын байқаған. Соңғы 1 ай көлемінде жағдайының күрт нашарлауы болған, несебінің түсі айқын қарайған, ішінің көлемі ұлғайып, ісінулер пайда болған. Об-ті: тері жамылғысы қола түстес (бронзовой), склерасының сарғаюы, алақан және табан қыртыстарында қара пигменттердің, көкірек тұсында, иықтарында және жауырын маңында "тамырлық жұлдызшалар" болуы. Іш қуысында бос сұйықтықтың болуына байланысты ішінің көлемі ұлғайған. Бауыры мен талағы ұлғайған.
<variant> гемохроматоз
<variant> вильсон-коновалов ауруы
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
<variant> бадд-киари ауруы
<variant> бауырдың амилоидозы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 48 жастағы әйел, ота жасаушы дәрігер акушер-гинеколог, аймақтық дәрігерге, күрт әлсіздікке, жұмыс қабілетінің төмендеуіне, соңғы жылдары 5 кг салмақ жоғалтуына, ішінің кебуіне, буындарының ауырсынуына шағымданып келді. Анамнезінде: ота жасау кезінде колдарын және перчатканы бірнеше рет кесіп алған. Қарағанда: тағам қабылдауы қанағаттанарлық, склерасының субиктериялы болуы, тілі сұрғыш жағындымен қапталған. Бауыры оң жақ қабырға доғасынан 1,5-2 см шығыңқы, қыры ауырсынады, дөңгеленген. Талағы пальпацияланбайды. Жүрек және өкпе ағзаларында патологиялық өзгерістер жоқ.
<variant> вирусты гепатит

<variant> созылмалы панкреатит
<variant> ревматоидты артрит
<variant> бауырдың циррозы
<variant> аутоиммунды гепатит
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: гепатомегалия, гипергликемия, терінің гиперпигментациясы, қан сары суында темірдің деңгейінің жоғарылауы тән:
<variant> гемохроматозға
<variant> созылмалы гепатитке, вирусты себепті
<variant> бауыр циррозына
<variant> көк бауыр үстінің гиперфункциясна
<variant> вильсон – коновалов ауруына
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.Бауырдың билиарлы циррозында ерте пайда болатын белгі:
<variant> терінің қышуы
<variant> талақтың ұлғаюы
<variant> қызыл иектің қанауы
<variant> қанда АЛТ және АСТ жоғарылауы
<variant> холинэстераза деңгейінің төмендеуі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Бауырдың билиарлы циррозында ерте білінетін синдром:
<variant> холестаз
<variant> астениялық
<variant> порталдық гипертензия
<variant> диспепсиялық
<variant> бауыр шамасыздығы
<question>Сарғаюдың себебін таңдаңыз: созылмалы панкреатитпен ауыратын 49 жастағы науқас, ұзақ уақыт бойы алкогольдік ішімдіктер қабылдаған, аймақтық дәрігерге терісі және склерасының сарғаюына, несеп түсінің қараюына және нәжісінің ағаруына шағымданып келді. Терісінде – ксантелазмалар, ксантомалар, теріні қасыған іздері байқалған. Курлов бойынша бауыр өлшемдері 12х10х9 см, талағы - 8х6 см. Жалпы билирубин - 65 ммоль/л, тікелей – 43 ммоль/л, АЛТ- 0,76 ммоль/л, АСТ-0,45 ммоль/л. Қандағы диастаза - 59 бр.
<variant> ұйқы безінің перидуктальді фиброзынан болған холестаз
<variant> созылмалы гепатит
<variant> өт тас ауруы
<variant> тамырішілік гемолиз
<variant> гемолиз
<question>Созылмалы гепатиттің бауыр циррозына өтуінің негізгі синдромын таңдаңыз:
<variant> порталық гипертензия
<variant> сарғаюлар
<variant> астеновегетативті
<variant> артериялық гипертензия
<variant> қан айналым шамасыздығы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 28 жастағы әйел, оң қабырға астының ұстама тәрізді ауырсынуына, аузына ащы дәмнің келуіне, жалпы әлсіздікке, терінің әлсіз сарғаюына шағымданды. Диетаны бұзуына байланысты ұстама тәрізді ауырсынулар 10 жыл көлемінде мазалаған. Венаішілік холангиографияда: жалпы өт жолының аздап кеңеюі. Өт қабы ұлғайған, төмен орналасқан, түбінде - ірі тастың болуы байқалды.

<variant> созылмалы тасты холецистит, өршу фазасы
<variant> өт қабының ісігі
<variant> созылмалы дуоденитттің өршу фазасы
<variant> өт жолдарының дискинезиясы, гипомоторлы типті
<variant> созылмалы тассыз холециститтің өршу фазасы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 21 жастағы ер жігіт, жұқпалы аурулар ауруханасының қабылдау бөліміне ауыруының алтыншы күні әлсіздікке, оң жақ қабырға астының, басының ауырсынуларына, тәбетінің болмауына, несеп түсінің қараюына, тері жамылғысының сарғаюына шағымданып келді. Несеп түсінің өзгеруі үшінші күні, ал терісінің сарғаюы төртінші күні байқалған. Отбасында барлығы сау. Қарағанда: жалпы жағдайы орташа ауырлықта, тері жамылғысы және склерасы сарғыш түсте. Бауыры қабырға доғасынан 3 см шығыңқы, талағы қабырға доғасында. Қанда: лейк - 6700; т/яд – 6%, с/яд – 40%, лимф.- 42%, мон.- 12%. Жалпы билирубин – 137 ммоль/л; тікелей – 97 ммоль/л; АЛТ – 1,1 ммол/л.
<variant> вирусный гепатит, орташа ауырлықта
<variant> лептоспироз
<variant> описторхоз
<variant> вирусный гепатит, ауыр ағымды
<variant> вирусный гепатит, жеңіл ағымды
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз:19 жасар жас жігітте, терісінің және склерасының сарғаюы байқалды, бауыр өлшемдері Курлов бойынша 10х9х8 см, талақ өлшемдері 14х8 см. Қанда: жалпы билирубин-67ммоль/л, тікелей емес билирубин – 56 ммоль/л. АЛТ және АСТ өзгеріссіз. Гепатобилиарлы жүйенің УДЗ өт қабында тастың болуы анықталды.
<variant> тұқымқуалаушы микросфероцитоз (Минковский –Шоффар ауруы)
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
<variant> созылмалы активті гепатит
<variant> синдромы, Жильбердің (қатерсіз гипербилирубинемия)
<variant> синдромы, Дабин-Джонсонның
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 56 жастағы науқас, оң жақ қабырға астының ауырсынуына, жүрек айнуына және таңертенгілік ауызға ащы дәмнің келуіне, терінің әлсіз қышуына шағымданды. Анамнезінде: тасты холецистетке байланысты холецистэктомия. Оң жақ қабырға астының ауырсынуы бірнеше сағаттан екі тәулікке дейін созылады және айына бірнеше рет қайталанады. Соңғы кездері науқаста оң жақ қабырға астының ұстама тәрізді ауырсынуы пайда болды. Қарағанда: толық, тері жамылғысының және склерасының сарғаюы. Дене қызуы $37,5^0$ С. Жүрек тондары тұйықталған, PS-82, АҚ 135/80 мм сын.бағ. Бауыры қабырға доғасынан 4 см шығыңқы, пальпацияда ауырсынады.
<variant> холангит
<variant> хронический гепатит
<variant> хронический рецидивирующий панкреатит
<variant> постхолецистэктомический синдром
<variant> рак головки поджелудочной железы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Гемолиздік сарғаюға тән белгі:
<variant> билирубинурия
<variant> қанда байланыспаған билирубин деңгейінің жоғарылауы
<variant> сары сулы сілтілі фосфатазаның қалыпты деңгейі
<variant> сары сулы трансаминаза және гаммаглутамилтранспептидазаның қалыпты деңгейі
<variant> гиперретикулоцитоз

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Гемохроматоздың айқын тұрақты клиникалық көріністеріне тән белгі:
<variant> терінің пигментациясы
<variant> экстрапирамидті синдромдар
<variant> белгі: Кайзер-Флейшнер сақинасы
<variant> лейкоцитоз
<variant> анемия
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: ер адам 45 жаста, инсоляция жоқ кезде де терісінің сұр түстенгенін айтады. Тексеру кезінде тығыздалған бауыр мен көкбауыр пальпацияланды, гипергликемия бар, ЭКГ-да: аритмия.
<variant> гемохроматоз
<variant> синдромы, Жильбердің
<variant> синдромы, Бадд-Киаридің
<variant> ауруы Вильсонның
<variant> созылмалы маскүнемдік
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 62 жастағы науқас, терінің сарғаюына, қатты жүдеуіне, эпигастрии аймағының ауырсынуына, жүрек айнуы және құсуына шағымданды. Анализде: анемияның ауыр түрі анықталды, ЭТЖ-60мм/сағ. Байланысқан фракцияға байланысты гипербилирубинемия.
<variant> ұйқы безі басының рагі
<variant> гепатоцелюлярлы карцинома
<variant> холестазбен бірлескен созылмалы гепатит
<variant> псевдотуморозды панкреатит
<variant> өт жолдарының дискинезиясы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 39 жастағы науқас, 5 жыл көлемінде жүйелі түрде қолдарының, басының дірілдеуін байқады. Соңғы жылдары ауруының өршуі кезінде жүрісінің бұзылысы мен тілінің күрмеленетіні байқалды. Қолдары мен басының дірілдеуінен жұмысқа жарамдылығын жоғалтты. Қарағанда: қолдары мен басының треморы. Тері жамылғысы құрғақ, сарғыш, бірен-саран телеангиэктазиялар бар, бауырлық алақан. Бауыры мен талағы пальпацияланбайды. Анализінде: жалпы билирубин - 35,4 ммоль/л, АЛТ - 1,7 ммоль/л.
<variant> ауруы, Вильсон-Коноваловтың
<variant> гемохроматоз
<variant> бауыр циррозы
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
<variant> ауруы, Бюргер-Грютцтің
<question>Омыртқа жотасының ең ақпаратты сәлелік зерттеу тәсілін таңдаңыз:
<variant> радионуклидті диагноз
<variant> магнит-резонанстық томография
<variant> компьютерліктомография
<variant> ультрадыбыстық зерттеу
<variant> объективті тәсіл
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Бас миы ісіктерінің диагнозын нақтауда ең ақпаратты зерттеу тәсілі болып саналады:
<variant> магнит-резонанстық томография
<variant> краниография
<variant> бас миын ультрадыбыстық зерттеу
<variant> компьютерлік томография

<variant> объективті зерттеу тәсілі
<question>Магниттік-резонанстық томографияны жүргізуге қарсы көрсетпені таңдаңыз:
<variant> кардиостимуляторының болуы
<variant> науқастың ес-түссіз жағдайы
<variant> сәулелік емнен кейінгі лейкопениямен асқынған жағдай
<variant> отадан кейінгі ерте кезең
<variant> ауыр анемия
<question>Тіндерді зерттеуде шешуші мүмкіндігі жоғары тәсілді таңдаңыз:
<variant> компьютерлік томография
<variant> магнит-резонанстық томография
<variant> ультрадыбыстық зерттеу
<variant> қуыстарды контрастау
<variant> сцинтиграфия
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Өңеш пен асқазанды контрастап зерттегенде, өңештің құрсақтық бөлігі кеуде сарайында орналасқан, асқазанның газдық көпіршігі жоқ, асқазан өз өсімен бұрылған (ротация). Осы ауытқулар тән патология:
<variant> тума қысқа өңеш
<variant> өңештің құрсақ бөлігінің әдетті орналасуы
<variant> өңештің құрсақ бөлігі кілегейінің өзгерісі
<variant> аксиальді жарық
<variant> өңештік тесіктің жарығы
<question>Сәби теңге жұтып қойды, ең таңдамалы рентгендік тәсілді таңдаңыз:
<variant> жалпы шолу рентгеноскопиясы көзделген рентгенографиямен
<variant> жалпы шолу рентгенографиясы
<variant> әдісі, Земцовтың
<variant> әдісі, Иванов-Подобедтің
<variant> компьютерлік томография
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.Контрастап зерттеуде асқазан қуысында оны айналып өту симптомы бар, толу дефекті анықталды, рентгендік пальпацияда ол 10 см дейін жылжиды.
<variant> безоар
<variant> қатерсіз ісік
<variant> қатерлі ісік
<variant> кілегейінің гипертрофиясы
<variant> асқазан аденомасы
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз: науқасты емханаға келесі шағымдармен алып келді: кеуде сарайының сол бөлігінің ауыруы, тамақтанғаннан және физикалық күштемеденсоң, жатқандаонын күшеюі, жүрегінің айнуы мен мезгіл-мезгіл жеңілдік әкелетін құсу. Анамнезінен 10 күн бұрын автожарақат алғаны белгілі болды. Кеуде сарайы органдарының жалпы шолу рентгенограммасында: диафрагма үстінде сұйықтық деңгейі бар газдық көпіршік.
<variant> диафрагманың сол жақты жарақаттық жарығы
<variant> стенокардия
<variant> сол жақты абсцестенген пневмония
<variant> диафрагманың өңештік тесігінің жылжымалы жарығы
<variant> сол жақты гемоторакс
<question>Диафрагманың өңештік тесігінің жылжымалы жарығын (грыжа) рентгендік тексерумен анықтау жағдайын таңдаңыз:

<variant> дене қалыбы – Тренделенбургтікі
<variant> тұрғызып тексеру
<variant> бүйірінде тексеру
<variant> жартылай отырғызып тексеру
<variant> он екі ішектің жасанды гипотониясы негізінде тексеру
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз. Науқас әйелде қызыл, жүрек аймағына және сол жауырынына тарайтын, төс артының күйдіріп, сол қабырға астының, ауыруы бар. Олар алға еңкейгенде жиі дамиды. Рентгендік тексеруде: өңеші кеңімеген, қысқарған, түзуленген, одан барий диафрагма үстінде орналасқан, қабырғалары жұқа газдық қуысқа (газовый пузырь) өтеді де, қатпарлары қалыңдаған созылған асқазанға түседі.
<variant> өңеш ахалазиясы
<variant> диафрагмалық – Богдалектің жарығы
<variant> өңештің асқазанған жайылған рагі
<variant> диафрагманың өңештік тесігінің жылжымалы жарығы
<variant> диафрагманың өңештік тесігінің параэзофагтік жарығы
<question>Диагнозын таңдаңыз. 24 жастағы ер кісіде ангинаның үшінші күні ісіну, макрогематурия пайда болып, АҚ жоғарылады. Диагнозын таңдаңыз.
<variant> созылмалы гломерулонефрит, өршуі
<variant> жедел гломерулонефрит
<variant> жеделпиелонефрит
<variant> апостематоздық нефрит
<variant> бүйрек амилоидозы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Helicobacter pylori-дің асқазан тұз қышқылына патогенездік әсер механизмі:
<variant> гастрин концентрациясын жоғарылатып, тұз қышқылының секрециясын арттырады
<variant> асқазанның жақтаулы (обкладочные) клеткаларын жойып, тұз қышқылының секрециясын төмендетеді
<variant> тұз қышқылының секрециясын өзгертпейді, асқазан эпителийінің жасушасына тікелей цитолиздік әсер етеді
<variant> асқазанда аммиак бұлтының дамуынан тұз қышқылын бейтараптайды, концентрациясын азайтады
<variant> шартты патогенді микроағза болғандықтан тұз қышқылының секрециясына әсер етпейді
<question>Пиелонефритке тән белгілер топтамасын таңдаңыз:
<variant> қызба, лейкоцитурия, бактериурия
<variant> қызба, лейкоцитурия, гематурия
<variant> қызба, дизурия, гематурия
<variant> қызба, лейкоцитурия, протеинурия, гипотензия
<variant> қызба, протеинурия, микрогематурия, гипостенурия
<question>БДҰ критерийін таңдаңыз: қант диабетін нақтау үшін, 75 г глюкозаны ішкізгеннен кейін екі сағаттан соңғы глюкоза деңгейі:
<variant> 11,1 ммоль/л
<variant> 6,0ммоль/л
<variant> 8,0ммоль/л
<variant> 8,4 ммоль/л
<variant> 9,7 ммоль/л

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Емдеу профилактикалық ұйымдарда еңбекке уақытша жарамсыздық экспертизасын бақылаушылар:
<variant> бас дәрігер, орынбасары және бөлімше меңгерушісі
<variant> аймақтық дәрігер немесе медбике
<variant> жалпы тәжірбиелік дәрігер және бас медбике
<variant> менеджер және бас дәрігердің орынбасары
<variant> аймақтық дәрігер және жалпы тәжірбиелік дәрігер
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Әйелде жүктіліктің 22 аптасы. Жалпы тәжірбиелік дәрігерге декреттік демалысқа шығу туралы қаралды. Жүктілік және тууға жарамсыздық парағыберіледі:
<variant> 30 аптадан бастап туғанға дейін 70 календарлық күн және 56 күн туғаннан кейін (асқынусыз)
<variant> 25 аптадан бастап туғанға дейін 60 календарлық күн және 40 күн туғаннан кейін (асқынусыз)
<variant> 28 аптадан бастап туғанға дейін 30 календарлық күн және 36 күн туғаннан кейін (асқынусыз)
<variant> 30 аптадан бастап туғанға дейін 70 календарлық күн және 70 күн туғаннан кейін (асқынусыз)
<variant> 28 аптадан бастап туғанға дейін 60 календарлық күн және 56 күн туғаннан кейін (асқынусыз)
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Төмендегілерден I топ мүгедектігіне жататынын белгілеңіз:
<variant> үш бірдей аяқ-қолдарының айқын парезі бар
<variant> қолдың параличі бар, шамалы афазиямен
<variant> айқын гемипарезі бар
<variant> айқын жоғарғы және төменгі парапарезі бар
<variant> қолдың параличі бар
<question>Шешуші зерттеуді таңдаңыз. Ер адам 40 жаста, эпигастрий аймағындағы ұзақ уақыттан бергі белдеме ауыруға, оның арқаға таралуына, оң қабырға астының керу сезімінешағымданды. УДЗ: ұйқы безінің өзгерістері және созылмалы холециститтің белгілері.
<variant> қанда және зәрде амилаза деңгейін анықтау
<variant> лейкоцитоз айқындылығын анықтау
<variant> қандағы трансаминаза деңгейін анықтау
<variant> гликемиялық профилін анықтау
<variant> қандағы сілтілі фосфатаза деңгейін анықтау
<question>Өкпе тамырындағы тромбты анықтайтын тәсілдіклиникалық тәжірбиеде қолдануғаЕвропалық кардиологиялық қоғамрұқсат еткен (2008, ESC), таңдаңыз.
<variant> компьютерлік томография
<variant> эхокардиография
<variant> D-димер мөлшерін анықтау
<variant> өкпе тамырларының нгиографиясы
<variant> вентиляциялық-перфузиялық сцинтиграфия
<question>Қажетті диагноздық зерттеуді таңдаңыз. Әйел 57 жаста, лапароскопиялық отадан (холецистэктомия) бұрын қаралуға келді. Анамнезінде: аяқ артерияларының атеросклерозы.
<variant> аяқтарының доплерографиясы
<variant> тамырларының дуплексті УДЗ
<variant> жүректің УДЗ

<variant> радиоизотопты флебосцинтиграфия
<variant> эзофагогастродуоденоскопия
<question>Қолданылғанын науқас та, дәрігер де білмейтін зерттеуді таңдаңыз.
<variant> қосарланған соқыр
<variant> үшеулік соқыр
<variant> жалғыз соқыр
<variant> рандомизацияланған бақыланатын
<variant> плацебобақыланатын
<question>ҚР ДСМ № 907 «Денсаулық сақтау ұйымдарының біріншілік медициналық құжаттары туралы» бұйрығына сай, БМСК дәрігерлері қабылдауда толтыратын құжат түрін таңдаңыз.
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. 54 жастағы әйелді ішінің төменгі жағының толғақ тәріздес ұстамалы ауырсынуы мазалайды, ауырсынуы сегізкөзіне тарайды, іші кебеді, газдың бөлінбеуі, соңғы 4 тәулікте үлкен дәреттің болмауы көңілін алаңдатады. Науқас соңғы көптеген жылдар барысында іш қатуынан зардап шегеді. Об-ті: іші кебіңкі, пальпацияда шамалы ауырады. Перкуссияда жоғары тимпанит, “судың шолпыл” симптомы естілді. Тік ішек арқылы тексергенде: тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизма қоюға талпыныс жасағанда – сұйықтық көлемі 350 мл жеткенде, кері құйылды.
<variant> сигма ішегінің обтурациялаушы ісігі, ішек өтімсіздігі
<variant> рефлекторлы обстирпация
<variant> ішек парезі
<variant> ішек инвагинациясы
<variant> медикаменттік обстирпация
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз. 45 жастағы науқаста ұзақ уақыттық қызбаға байланысты, антибиотиктерді бірнеше қайтара тағайындаулардан кейін, судай сырылдаған нәжіс, ішінің толғақ тәріздес ауыруы, қан анализінде лейкоцитоз дамыды. Рекороманоскопия мен сигмоскопияда: кілегей қабығының ақ-сары түстіжабындысы бар, зақымдану ошақтары анықталды.
<variant> псевдомембралық колит
<variant> жаралы колит
<variant> вирустық колит
<variant> коллагендік колит
<variant> ишемиялық колит
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Бейспецификалық жаралы колитте жиі кездесетін негізгі симптомдар мен синдромдарға жатады:

<variant> қатпалар
<variant> қаны бар, кілегей және ірің араласқан диарея
<variant> ішінің ауырсынуы
<variant> жүйелі зақымдану көріністері
<variant> интоксикациялық, дистрофиялық синдромдар
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Келтірілгендерден, бейспецификалық жаралы колитке тән емес асқынуды саралаңыз:
<variant> сыртқы және ішкі ішектік жыланкөздер
<variant> жуан ішек перфорациясы, ішектік қан кетулер
<variant> жуан ішектің токсиндік дилатациясы
<variant> жуан ішектің рагі
<variant> жуан ішектің стриктурасы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Келтірілгендерден, Крон ауруына тән емес асқыну:
<variant> жуан ішек перфорациясы
<variant> жуан ішектің токсиндік дилатациясы
<variant> ішектік қан кетулер
<variant> сыртқы және ішкі ішектік жыланкөздер
<variant> жуан ішектің стриктурасы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Үйқы безінің сыртқы секрециялық шамасыздығы диареямен сипатталады. Көрсетілген патологиялардан панкреатитпен жиі асқынатынын белгілеңіз:
<variant> өт-тас ауруы
<variant> созылмалы гастрит
<variant> созылмалытассыз холецистит
<variant> асқазанның жара ауруы
<variant> он екі елі ішектің жара ауруы
<question>Артериялық гипертензияның ең мүмкін себебін таңдаңыз. 17 жастағы қыздың басы жиі ауырады, бала кезінде АҚ қалыпты болған. Об-ті: дене бітімі астениялық, ісінулер жоқ. Жүрек тондары айқын, ырғағы дұрыс, ЖСС 80 мин, АҚ 170120 мм сын. бағ. Қанның және несептің жалпы анализдері, биохимиялық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. ЭКГ, ЭхоКС сол қарыншаның гипертрофиясы белгілерін анықтады. Изотопты ренографияда оң бүйректің васкулярлы сегменті өзгерген.
<variant> бүйрек артерияларының фибромускулярлы дисплазиясы
<variant> бүйрек туберкулезі
<variant> бүйрек артерияларының атеросклерозы
<variant> бүйрек поликистозы
<variant> бүйрек артерияларының тромбэмболиясы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. 25 жастағы әйелде беті мен аяқтарының ісінуі, басының ауруы, бел аймағындағы ауырлық сезімі бар. Анамнезінен: 3 апта бұрын фолликулалық баспамен ауырған. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары құқыл, беті мен аяқтарында айқын, жұмсақ ісіну, ішінде бос сұйықтық. Тыныс жиілігі 26 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті, жүрек ұшында систолалық шу. АҚ 180/100 мм сын. бағ. ЖЖС 56 мин. Қағу симптомы екі жағында да оң. Протеинурия 3,5гл.
<variant> жедел гломерулонефрит, бисиндромды (нефротикалық және нефрогенді АГ синдромдарымен). Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия

<variant> жедел гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> жедел гломерулонефрит, жайылма варианты (несептің патологиялық тұнбасы, бүйректік ісіну, нефрогенді АГ). Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> созылмалы гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФК$_{II}$. Ми сауытішілік гипертензия
<variant> жедел пиелонефрит, нефрогенді АГ
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Кіші қан айналым шеңберінің шамасыздығына тән емес белгі:
<variant> бауырдың ұлғаюы
<variant> ылғалды жөтел
<variant> ентігу
<variant> өкпедегі ылғалды сырылдар
<variant> тахикардия
<question>Тұжырым жасаңыз. Сіздің болжам диагнозыңыз. 65 жастағы әйелді ішінің төменгі жағының толғақ тәріздес ұстамалы ауырсынуы мазалайды, ауырсынуы сегізкөзіне тарайды, іші кебеді, газдың бөлінбеуі, соңғы 4 тәулікте үлкен дәреттің болмауы көңілін алаңдатады. Науқас соңғы көптеген жылдар барысында іш қатуынан зардап шегеді.Об-ті: іші кебіңкі, пальпацияда шамалы ауырады. Перкуссияда жоғары тимпанит, “судың шолпыл” симптомы естілді. Тік ішек арқылы тексергенде: тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизма қоюға талпыныс жасағанда – сұйықтық көлемі 350 мл жеткенде, кері құйылды.
<variant> сигма ішегінің обтурациялаушы ісігі, ішек өтімсіздігі
<variant> рефлекторлы обстирпация
<variant> ішек парезі
<variant> ішек инвагинациясы
<variant> медикаменттік обстирпация
<question>Тұжырым жасаңыз. Псевдомембранозды колиттің этиологиялық факторы саналады:
<variant> clostridium dificille
<variant> бейспецификалық коктік флора
<variant> гемолиздік стрептококк
<variant> ішек таяқшалары
<variant> алтын сары стафилококк
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: 47жастағы ер кісі келесі шағымдармен қабылдауға келді: төс сүйегінің артындағы, еңкейгенде және горизонталь қалыптарында күшейетін, күйдіріп ауырсыну; түн мезгіліндегі жөтел. Кардиолог патологияны жоққа шығарды.
<variant> рефлюкс-эзофагит
<variant> гастрит
<variant> стенокардия
<variant> асқазанның шығар трактінің рагі
<variant> миокард инфаркті
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Декомпенсацияланған созылмалы өкпе текті жүректе бауырда дамитын өзгерістерді белгілеңіз:
<variant> порталық вена жүйесіндегі гипертензия, бауырдың фиброзы
<variant> гепатоциттердің цитолизі, майда түйінді цирроз
<variant> созылмалы озбыр гепатит

<variant> майлы гепатоз
<variant> фульминантты гепатит
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Декомпенсацияланған созылмалы өкпе текті жүректе бауырда дамитын өзгерістер:
<variant> порталық гипертензия, бауырдың жүректік фиброзы
<variant> цитолиз, майда түйінді цирроз
<variant> созылмалы гепатит
<variant> майлы гепатоз
<variant> фульминантты гепатит
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Қайталамалы қалтыраумен сипатталатын гектикалық қызба, лейкоцитоз, эмболиялық абсцесс тән ауруды белгілеңіз:
<variant> сепсис
<variant> ішсүзегі
<variant> малярия
<variant> тамырішілік ШҚҰ (ДВС) синдромы
<variant> жедел лейкоз
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз - УДЗ күтетін нәтижелер: 35 жастағы науқас әйел ЖДП дәрігеріне келесі шағымдармен келді: бел аймағының сыздап ауыруы, кіші дәретке жиі, ауырсынулы баруы, дене қызуының 38-38,5^{0}С жоғарылауы, өзін соңғы бірнеше апта көлемінде науқас санайды. Дәрігерлерге қаралмаған. Тері жамылғылары құқыл, АҚ 180/95 мм сын. бағ. Қағу симптомы оң жағында оң. Несептің жалпы анализінде: полиурия, лейкоцитурия, бактериурия, салыстырмалы тығыздығы төмен. ҚЖА: нейтрофильді лейкоцитоз, ЭТЖ жоғары, гипохромды анемия.:
<variant> бүйрек өлшемдерінің асимметриясы, астауша-тостағанша жүйесінің деформациясы, бүйрек паренхимасының біркелкілігінің диффузды өзгерістері
<variant> өлшемдерінің симметриялы ұлғаюы, бүйрек паренхимасының біркелкілігінің диффузды өзгерістері
<variant> бүйрек паренхиммасының тығыздалуы, ісінуі, бүйрек контурлары анықталмайды
<variant> бүйрек өлшемдерінің екі жақты кішіреюлері, бүйрек паренхимасының біркелкілігі сақталған
<variant> паранефралық клетчатканың ісінуі, бүйрек қозғалғыштығының шектелуі
<question>Дұрыс этиологиялық емдік тактиканы қолданыңыз. 70 жастағы ер кісі жөтелге, дене қызуының 38^{0}С жоғарылауына, әлсіздікке, кеуде сарайының оң жартысының ауырсынуына шағымданып келді. Анамнезіне асқазанның жара ауруы, жүректің ишемиялық ауруы, қантты диабет. Рентгендік зерттеуде –оң өкпенің төменгі бөлігінде ошақты көлеңке.
<variant> респирациялық фторхинолондар
<variant> макролидтер
<variant> иммуномодуляторлар
<variant> «қорғалған» аминопенициллиндер
<variant> β-лактамды антибиотиктер
<question>Зерттеудің интерпретациясы. Себебі белгісіз қызба синдромы бар науқаста миеломалық аурудан күдік туды. Несептің патологиялық тұнбасының топтама миеломадағы (миеломалық ауру) ерекшелігін белгілеңіз:
<variant> протеинурия Бенс-Джонс белоктарымен
<variant> жекеленген протеинурия
<variant> протеинурия, эритроцитурия, цилиндрурия
<variant> протеинурия, лейкоцитурия, бактериурия

<variant> симптомсыз бактериурия
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Бүйрек трансплантациясының нәтижелілігінің индикаторларына жатады:
<variant> несептің бөлінуі, креатинин және мочевина деңгейінің қанда дианамикалық төмендеуі, операциядан кейінгі асқынулардың болмауы
<variant> антигипертензиялық дәрмектерсіз нефрогенді АҚ төмендеуі
<variant> гемоглобиннің қалпына келуі, анемияның жойылуы
<variant> шумақшалық фильтрация жылдамдығының төмендеуі
<variant> уремиялық энцефалопатия белгілерінің толық жойылуы
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз:16 жастағы жігіттің венасынан қан алғаннан соң, орнынан тұра беріп, есінен танып қалды. Об-ті: тері жамылғылары қуқыл, суық тер басты. АҚ 80/50 мм сын. бағ. Жүрек тондары әлсіз, ЖЖС 50 мин. Бетіне суық су бүркіп, мүсәтір (нашатырный спирт) спиртін иіскеткенде көзін ашып, есін жиды. Бұрындары қан көргенде, ауырсыну дамығанда жүрегінің айнитынын айтты.ЭКГ: ырғағы синусты, ЖЖС 70 мин., ЖЭӨ қалыпты.ҚЖА: Нв 140 г/л, эрит. $5,0x10^{12}$/л.
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> аритмиялық синкопе
<variant> аорталық ақаулардағы синкопе
<variant> эпилепсия
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: 16 жастағы студент қыз соңғы 2-3 айда таңертең төсегінен тұрарда бірнеше рет есінен танып қалғандығына шағымданды, ешқандай хабаршы белгілер болмайды, төсегінде есін жиып алады, басқа жағдайларда мұндай өзгерістер болмайды, анасының нақтауынан ессіз уақыты 10-15 сек. ғана жалғасады. Об-ті: жалпы жағдайы қанағаттанарлық, тері жамылғылары қалыпты түсті. Жүрек тондары анық, ырғақты, ЖЖС 64 мин. АҚ 100/70 мм сын. бағ. ЭКГ: патологиясыз.ҚЖА: Нв 136 г/л, эрит. $4,7x10^{12}$/л.
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аритмиялық синкопе
<variant> аорталық ақаулардағы синкопе
<variant> эпилепсия
<question>Дұрыс тексеру тактикасын қолданыңыз. 16 жастағы студент қыз соңғы 2-3 айда таңертең төсегінен тұрарда бірнеше рет есінен танып қалғандығына шағымданды, ешқандай хабаршы белгілер болмайды, төсегінде есін жиып алады, басқа жағдайларда мұндай өзгерістер болмайды, анасының нақтауынан ессіз уақыты 10-15 сек. ғана жалғасады. Об-ті: жалпы жағдайы қанағаттанарлық, тері жамылғылары қалыпты түсті. Жүрек тондары анық, ырғақты, ЖЖС 64 мин. АҚ 100/70 мм сын. бағ. ЭКГ: патологиясыз. ҚЖА: Нв 136 г/л, эрит. $4,7x10^{12}$/л. Диагнозын нақтауға жүргізетін сынаманы таңдаңыз:
<variant> екінші тәсілімен Шеллонг сынамасы
<variant> велоэргометриялық сынама
<variant> тредмил тест
<variant> алты минут жүргізу сынамасы
<variant> өңеш арқылы ЭхоКГ түсіру
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: Екі жыл бұрын миокардтың инфарктін басынан өткерген ер кісіде, физфикалық күштеме кезінде жүрек қағуы, ауа жетпеу сезімі, жалпы әлсіздік дамыды, артынша есінен танды. ЭКГ: АВ түйіндік пароксизмдік тахикардия тіркелді.
<variant> аритмогенді синкопе

<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аорталық шамасыздықтағы синкопе
<variant> эпилепсия
<question>Дұрыс шешім қабыдаңыз: 60 жастағы реанимацияда ірі ошақты, артқы-диафрагмалық инфарктен ем қабылдап жатқан науқаста, қысқа уақытқа естен тану мен құрысу синдромы орын алды. Жүрек тондары тұйық, ЖЖС 34 мин. АҚ 130/70 мм сын. бағ. ЭКГ: атри-вентрикулдік диссоциация, qRS кешендерінің саны минутына 34, ені 0,14 сек. Р тісшелерінің – 80.
<variant> толық АВБ, Морганьи-Адамс-Стокс синдромы
<variant> ырғақтың күрделі бұзылысы: Фредерик синдромы
<variant> кардиогенді шок
<variant> бас-ми жарақатының салдары: эпилепсия
<variant> жүректің тума ақауы: Толочинова-Роже ауруы
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз:Диффузды токсиндік жемсауы бар 34 жастағы әйелде, тұрақты ентігу, жүрек қағуы бар. Бір күн бұрын есінен қысқа уақытқа танған. Об-ті: жүрек тондары күшті, ырғақсыз, ЖЖС 108 мин., пульсі 78, аритмиялы. ЭКГ: R-Rәртүрлі, II,III AV F, V_1, f толқындары, Р тісшелері жоқ.
<variant> жүрекшелер дірілі, аритмогенді синкопе
<variant> жүрекшелер жыбыры, вазодепрессиялық синкопе
<variant> артериялық гипотензия, ортостаздық синкопе
<variant> анемия, гипоксиялық синкопе
<variant> атри-вентрикулдік блок I дәрежесі
<question>Дұрыс тұжырым жасаңыз: 18 жастағы әйелде, тұрмысқа шыққанына 7 ай болған, аптаның демалыс күндері жанұясымен үй шаруасымен айналысқанда, естен танулар болады. Мектепте емтихан кездері де сабақтың “ауырлығынан” естен танулардың болып тұрғандығы анықталды. Естен тану алдында көңіл-күйі түседі, жайсыз сезімдер мазалайды, жатқызғаннан кейін 10-20 минуттан кейін ғана “есін жинайды”. Соңғы етеккірі 15 күн бұрын болған.АҚ 100/70 мм сын. бағ. Орнынан тұрғызып, неврологиялық сынамалар жүргізілді, соңына қарай қолдарын ербеңдетіп, терең, шуылдай тыныстап, туыстарының қолына жармасып, “естен танды”.
<variant> ситуациялық невроз
<variant> вазопрессиялық естен танулар
<variant> эпилепсиялық естен танулар
<variant> аритмогенді естен танулар
<variant> ортостаздық естен танулар
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Науқас, 1 типті қантты диабетпен 15 жылдан дертті, соңғы айларда гипогликемиялық жағдайлар мен естен танулардың жиілеп, АҚ жоғарылағанын бақылаған. Бұл клиникалық жағдайдың тұжырымы –
<variant> диабеттік нефропатия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жүрек шамасыздығы
<variant> тыныс шамасыздығы
<variant> нейропатия фонындағы гипогликемияларға төмен сезімталдық
<variant> инсулинді ұзақ қабылдаудан дамыған инсулинге тұрақтылық
<question>Сәйкес емді қабылдаңыз. Қантты диабеттің 1 типі бар науқас гипогликемиялық комаға түсті, 40% глюкоза в/ішіне енгізілді, гликемиясы 12,3 ммоль/л дейін жоғарылады, бірақ ол есін жимады.

<variant> бас миының ісінуімен күрес шараларын тағайындау
<variant> глюкозаның 40% ерітіндісін қайта енгізу
<variant> глюкозаның 40% ерітіндісінвенаға тамшылатып енгізу
<variant> қысқа әсерлі инсулиннің 0,1Б/кг/сағ. инфузиясы
<variant> жұлын пункциясын жасау
<question>Дұрыс емдік тактиканы қолданыңыз. 62 жастағы дене салмағы артық әйел, 2 типті қантты диабетке байланысты сиофорды 500 мг/тәу. қабылдайды; 1200 ккал/тәу. калориялық емдәм ұстанады. Оң қабырға астының ауырсынуы мазалайды. Ашқарында гликемиясы 9,0-9,5 ммоль/л. АҚ 140/80 мм сын. бағ. Бауыры қабырға доғасынан 3-4 см шығыңқы.
<variant> сиофорды алып тастап, ұзақ әсерлі инсулинді ұйқы алдында егу керек
<variant> сиофорды осы дозада қалдыру
<variant> сиофор дозасын 1000 мг/ тәу. көбейту
<variant> сиофорға қандай да бір сульфаниламид қосу
<variant> сиофорды алып тастап, қысқа әсерлі инсулинді әр тамақтану алдында егу керек
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Емханаға 70 жастағы қантты диабетпен ауыратын әйел жеткізілді. Екі тәулік бойына құсу мен шөл, титықтаған, тері мен кілегейлі қабаттары құрғақ, баяу, тежеліп сөйлейді, кейбір бұлшық еттерінің тартылуы көрінеді. Бауыры ұлғаймаған. Гликемия 35 ммоль/л, несепте ацетон жоқ. Іші «тыныш». ЭКГ: синустық тахикардия, коронарлық бұзылыстар жоқ. Клиниканың бұлай басталуы келесі комаға тән:
<variant> гиперосмостық
<variant> кетоацидоздық
<variant> сүтқышқылдық
<variant> гипогликемиялық
<variant> гипотиреоздық
<question>Дұрыс емдік тактиканы қолданыңыз 43 жастағы әйелді салмағының қосылуы, бетінің ісіңкілігі, терісінің құрғауы, іш қатпалары мазалайды. Қалқанша безі пальпацияланбайды. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмен, ал ТТГ жоғары.
<variant> тиреоидты дәрмектер
<variant> тиреостаттық дәрмектер
<variant> диуретиктер
<variant> йод дәрмектері
<variant> қабынуға қарсы стероидты емес дәрмектер
<question>Дұрыс тексеру тактикасын қоданыңыз. 65 жастағы ер кісіде 2 типті қантты диабет, ЖИА, АГ бар. Тәулігіне 1000 мг метформин, 2 рет 2 мг глимепирид қабылдайды. Соңғы айларда аяқ бастарының ісінуі мен бұлшық еттерінің ауыруы пайда болды, жалпы жағдайы ауырлады.
<variant> қанның лактатқа
<variant> несептің глюкозаға
<variant> несептің кетон денелеріне
<variant> қанның кетон денелеріне
<variant> қанның гематокритке
<question>Тұжырым тандаңыз. Науқас, 1 типті қантты диабетпен 15 жылдан дертті, соңғы айларда гипогликемиялық жағдайлардың жиілеп, АҚ жоғарылағанын бақылаған. Бұл клиникалық жағдайдың тұжырымы –
<variant> диабеттік нефропатии
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жүрек шамасыздығы
<variant> тыныс шамасыздығы

<variant> нейропатия фонындағы гипогликемияларға төмен сезімталдыу
<variant> инсулинді ұзақ қабылдаудан дамыған инсулинге тұрақтылық
<question>Тұжырым таңдаңыз. Ауыр декомпенсацияланған диффузды токсиндік жемсаумен дертті науқастың эндокринді офтальмопатиясы да бар (ЭОП): экзофтальмі 3 дәрежелі, көз алмалары қозғалмайды, көруі нашар, диплопия мен жарықтан қорқу. 5 ай барысында тәулігіне преднизолон 50-60 мг, мерказолил 20-30 мг, анаприлин 40 мг қабылдауда. Эндокринолог сәйкес антитиреоидтық ем тағайындады. ЭОП байланысты емді көрсетіңіз:
<variant> метилпреднизолонмен бір реттік 1000 мг дозада пульс-терапия
<variant> антитиреоидты еммен шектелу
<variant> преднизолон ішке 60 мг/тәу.
<variant> дипроспан немесе целестонды 0,5-1,0 мл ретробульбарлы
<variant> плазмаферез
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. 1 типті қантты диабеті бар науқас ет тағамдарын жақтырмайды. Белок мұқтаждығын жабу мақсатында ұсынуға болады:
<variant> балықты, құс еттерін, ірімшікті, жұмыртқаны, сүзбені
<variant> нан, дақылдар, картоп, ұн өнімдерін
<variant> сүт, айран, қатық
<variant> қияр, қызанақ, қырыққабат, шалғам, шомыр, баялды, кәді,сәбіз, қызылша
<variant> сары май, өсімдік майы, қаймақ, кілегей
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Қантты диабеттің 1 типімен дертті науқас, Актрапид +Протафан біріктірген күшейтілген инсулиндік ем алғалы түн мезгілінде гипогликемиялық жағдайларды басынан жиі өткеретін болды. Протафан дозасын дәлдеуге талпыныстар нәтиже бермеді. Протафанды нәтижелі алмастыратын дәрмекті таңдаңыз:
<variant> левемир
<variant> новомикс
<variant> микстард
<variant> хумулин NPH
<variant> хумулин М3
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Семіздігі мен артериялық гипертензия негізінде қантты диабетпен дертті науқас гликонилдің 3000 мг тәулігіне қабылдайды. Соңғы 2-3 айда постпрандилік (prandi-um-тамақ) гликемияның өскенін бақылаған. Қант деңгейін төмендетуді күшейтетін дәрмекті (тәсілді) таңдаңыз:
<variant> новонорм
<variant> гликонил дозасын арттыру
<variant> актос
<variant> ұзақ әсерлі инсулиннің инъекциясы
<variant> микстрад
<question>Дұрыс емдік тактика қолданыңыз. Алты жасар ұл балада крипторхизммен екі жақты орхиопексия іске асырылды.
<variant> әр жылы хориондық гонадотропиннің бір айлық курсы, 10 жасқа дейін
<variant> 15 жыл бақылау
<variant> хориондық гонадотропинмен 15 жасқа дейін тұрақты емдеу
<variant> андрогендермен 15 жасқа дейін тұрақты емдеу
<variant> хориондық гонадотропинмен және андрогендермен жұптастырып емдеу
<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз. Гипогликемиялық комаға түскен 1 типті қант диабетімен ауыратын науқасқа вена ішіне 40% глюкоза енгізілді, қан глюкозасы 12,3 ммоль/л көрсеткенімен, бірақ санасы қалыптаспады.

<variant> бас миының ісінуімен күрес шараларын тағайындау
<variant> ввести повторно 40% глюкозу
<variant> назначить капельное вливание 5% глюкозы
<variant> назначить инфузию короткодействующего инсулина из расчета 0,1 ед/кг/час
<variant> произвести спинномозговую пункцию
<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз. 38 жастағы әйел дене салмағының артуын, тер бөлінуінің азайғандығын, бетінің домбығатынын байқаған, созылмалы тонзиллиті бар. Об-ті: бойы 158 см, салмағы 98 кг. Терісінде жолақтар жоқ, айқын гиперкератоз, беті ісіңкі, көз аяшықтары жасқа толы. ЖЖС 56 мин., АҚ 100/60 мм сын. бағ. Анализдерінен: қан глюкозасы 3,3 ммоль/л; T_3 пен T_4 төмен, ал ТТГ жоғары.
<variant> тиреоидными дәрмектермен ем
<variant> витаминдермен ем
<variant> диуретиктер тағайындау
<variant> қабынуға қарсы терапия
<variant> калориясы аздау тағамдануды ұсыну
<question>Дұрыс тексеру тактикасын қолданыңыз. Жалпы дәрігерлік практика дәрігері, 49 жастағы бойы 160 см, ал дене салмағы 84 кг әйелде ашқарынға тапсырған анализінен глюкозаның 6,9 ммоль/л деңгейін анықтады.
<variant> глюкозаға толеранттылық тестін 75 г глюкозамен жүргізу
<variant> гликемиясын ашқарынға қайталап тексеру
<variant> глткемиясын тамақтанудан соң қайталап анықтау
<variant> гликемиясын кешке анықтау
<variant> гипокалориялық тағамдану мен инсулинотерапия
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. 45 жастағы дене салмағы қалыпты ер кісі ЖДП дәрігерінде қантты диабеттің 2 типінен медикаменттік емес шаралармен ем алады. Емдәмді салауаттандыру нәтиже бермеді, гликемиясы тәулігіне 10 до 15 ммоль/л., несебінде өзгерістер жоқ. Төмендегі келтірілген дәрмектерден нәтижелісін таңдаңыз:
<variant> сульфонилмочевина дәрмектері мен инсулин
<variant> интенсификацияланған инсулиндік терапия
<variant> сульфанилмочевина дәрмектері мен бигуанидтер
<variant> инсулин семилентені 10 бір. дозасында
<variant> емге тек бигуанидтерді қосу
<question>Дұрыс тексеру тактикасын таңдаңыз. 3 апталық нәресте, 40 апталық жүктіліктен 4000г салмақпен туылған, енжар, ұйқышыл, беті мен денесінің ісінуі бар. Тілі үлкен, дауысы қарлығыңқы, мұрын қыры кең. Емуі солғын, туылғаннан үшінші күні пайда болған сарғаю сақталуда.
<variant> қандағы тиреоидты гормондар деңгейін анықтау
<variant> қандағы глюкоза деңгейін анықтау
<variant> кариотипін тексеру
<variant> жалпы билирубинін анықтау
<variant> қанның жалпы анализі
<question>Тұжырым таңдаңыз. 47 жастағы әйел кісі 4 ай бойына АҚ 220/120 мм сын. бағ. жоғарылауына байланысты эналаприл мен амлодипин комбинациясын нәтижесіз қабылдаған. Соңғы айда аяқ бұлшық еттерінің құрысулары мен әлсіздігі және полиурия жиілеген. Зерттеу барысында анықталуы заңды бұзылыс:
<variant> плазма альдостероны концентрациясының жоғарылауы
<variant> гиперкалиемия

<variant> кортизолдың несеппен экскрециясының артуы
<variant> плазма ренининің белсенділігінің жоғарылауы
<variant> несептің қышқыл реакциясы
<question>Диагнозын нақтау үшін дұрыс тексеру тактикасын қолданыңыз. Жоспарлы медициналық тексеруде ЖДП дәрігері 38 жастағы әйелдің пульс жиілігі мен ырғақсыздығына көңіл аударды. АҚ 160/80 мм сын. бағ. Пациенттің шағымдары жоқ, қазбалап сұрастыруда соңғы 4 айда 6 кг салмақ жоғалтқаны белгілі болды.
<variant> қанда ТТГ, FT_4 анықтауды
<variant> қалқанша безінің УДЗ
<variant> метанефриндердің тәуліктік несептегі экскрециясын анықтауды
<variant> электрокардиограмманы
<variant> бүйрек үсті бездерінің компьютерліке томографиясын
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. 2 типті қантты диабеттің компенсациялану критерийлеріне жатады:
<variant> ашқарындағы гликемия < 7,0 ммоль/л
<variant> глюкозаланған гемоглобин (HbA_1c)<8,0 %
<variant> глюкозаланған гемоглобин (HbA_1c)<9,5 %
<variant> несеп глюкозасы> 0,5 %
<variant> холестерині< 6,0 ммоль/л
<question>Ең тиімді тағайындауды қолданыңыз. 24 жастағы әйел дәрігерге келесі шағымдармен келді: бір айда 9 кг салмақ жоғалтқан, аузы құрғайды, шөлдеу, кіші дәретке жиі бару, жүрек айнуы мен тәбетінің нашарлауы. Об-но: терісі құрғақ, алақандары мен табан терісі сарғыш, фурункулдар. Несеп анализінде қант 2,9%, ацетон.
<variant> актропид НМ 4 бір.
<variant> диабетон 10мг
<variant> манинил 5мг
<variant> хумалогмикс 25
<variant> лантус 12 бір.
<question>Ең тиімді тағайындауды қолданыңыз 45 жастағы әйелде жарақаттанғаннан соң бас ауруы, АҚ 150/90 мм сын. бағ. дейін жоғарылауы, дене салмағының тез артуы, терісіндегі трофикалық өзгерістер пайда болған. Тері асты шел қабаты біркелкі емес, беті қызарған. Денситометрияда остеопороз белгілері. Кортизолдың қандағы деңгейі сағат 8-де часов 1100 нг/л (норма – 260-720 нг/л), ашқарындағы гликемия 6,1 ммоль/л.
<variant> парлодел
<variant> сиофор
<variant> нифедипин
<variant> кальций Д3
<variant> гидрокортизон
<question>Дұрыс емдік тактиканы қолданыңыз. 39 жастағы әйелді салмағының артуы, әлсіздік, бетінің ісінуі, терісінің құрғауы, есте сақтау қабілетінің төмендеуі мазалайды. Об-ті: терісі құрғақ, салқын. Қалқанша безі сипалмады. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмендеген, ТТГ жоғарылаған.
<variant> тиреоидты дәрмектер
<variant> тиреостаттық дәрмектер
<variant> диуретиктер
<variant> йод дәрмектері

<variant> стероидты емес қабынуға қарсы дәрмектер
<question>Выберите правильное решение. БДҰ критерийлеріне сәйкес, 75 г глюкозамен сынамадан кейін 2 сағаттан соңғы, қантты диабет диагнозы қойылатын глюкоза деңгейін көрсетіңіз:
<variant> 11,1 ммоль/л
<variant> 6 ммоль/л
<variant> 8 ммоль/л
<variant> 8.4 ммоль/л
<variant> 9.7 ммоль/л
<question>Дұрыс тексеру тактикасын таңдаңыз. 11 жастағы ұлда шөлдің қысуы, кіші дәретке жиі бару, әсіресе түн мезгілінде, терісінің қышуы анықталды.
<variant> ашқарынға қандағы глюкозаны анықтаудан
<variant> тәуліктік несепте глюкозаны анықтаудан
<variant> ертеңгілік несепте ацетонды анықтаудан
<variant> тәуліктік несепте глюкоза мен ацетонды анықтаудан
<variant> түн алдындағы қандағы глюкозаны анықтаудан
<question>ЖИА емдеу барысында коронаролитиктерден таңдалатын топты көрсетіңіз: 56 жастағы 2 типті қантты диабетпен есепте тұратын науқаста, соңғы айда ангинальді синдромдар жиілеп, кардиологқа көрінген, ұсыныстар берілген. <variant> кардиоселективті бета-блокаторлар
<variant> селективті емес бета-блокаторлар
<variant> нитраттар (монотерапия ретінде)
<variant> ангиотензинді АФ ингибиторлары
<variant> кальций антагонисттері
<question>Науқасты жүргізу тактикасын таңдаңыз: 65 жастағы ер кісінің бойы 160 см, салмағы 105 кг. Шағымдары жоқ. Ашқарындағы глюкоза деңгейі 6,2 ммоль/л.
<variant> глюкозаға толеранттылықтың пероральді тестін жүргізу
<variant> науқаста қантты диабет бар, емдәмді сақтап, глюкозаның деңгейін динамикада бақылау керек
<variant> пациенттің дені сау, тексерулер мен ем қажет емес
<variant> пациентте гипогликемия, анамнезін мұқият қайта жинау қажет
<variant> глюкозаның несептегі деңгейін анықтау керек
<question>Антигипертензиялық дәрмекті таңдаңыз: 45 жастағы әйелде 1 типті қантты диабет 10 жыл көлемінде бар. Соңғы 2 жылда АҚ 150/90 мм сын. бағ. Тексергенде: НЖА патология жоқ, МАУ екі рет анықталған.
<variant> лизиноприл
<variant> пропроналол
<variant> гипотиазид
<variant> индапамид
<variant> лабетолол
<question>Диагнозын нақтайтын тексеруді таңдаңыз: 18 жастағы жасөспірімде 3 айдан бері аузының құрғауы, шөл мазалайды. ДМИ 25; терісі ылғалды. Ашқарындағы глюкоза деңгейі 8-10 ммоль/л, тамақтан соңғысы – 8-12 ммоль/л.
<variant> қанның GAD антиденелеріне (глутаматдекарбоксилаза) анализі
<variant> қанның ИРИ (иммундық-реакциялық инсулинге) анализі
<variant> қанның ашқарындағы С-пептидке анализі
<variant> глюкозаға толеранттылықтың пероральді тесті

<variant> қанның ашқарындағы С-пептидке жүктемеден кейінгі анализі
<question>Науқас гипотиреозына қатысты тактиканы таңдаңыз: 35 жастағы әйел науқас Симмондс синдромына байланысты преднизолонды 10 мг/тәу., эстроген-гестагенді дәрмектер қабылдайды. АҚ, несептің тығыздығы, қандағы калий мен натрий деңгейлері қалыпты. Жеңіл гипотиреоздың клиникасы бар, ТТГ, Т3 пен Т4 деңгейлері шамалы төмен.
<variant> левотироксиннің аз дозаларымен ем
<variant> медикаменттік емсіз бақылау
<variant> калий йодидінің профилактикалық дозаларымен ем
<variant> калий йодидінің емдік дозаларымен ем
<variant> левотироксиннің супрессиялық дозаларымен ем
<question>Науқасқа қатысты дұрыс тактиканы таңдаңыз: 47 жастағы науқас ер кісі қантты диабеттің 2 типімен 3 жылдан бері ауырады, метформин мен репаглинид қабылдайды. ДМИ 26, ашқарындағы және тамақтан соңғы гликемиясы; үшглицеридтері мен жалпы холестерині қалыпты; жоғары тығыздықтағы ЛП шамалы төмен, төмен тығыздықты ЛП жоғарылаған.
<variant> статиндермен ем тағайындау
<variant> фибраттармен ем тағайындау
<variant> ниацинмен ем тағайындау
<variant> метформин дозасын арттыру
<variant> емді өзгертпеу
<question>Дұрыс тексеру тактикасын қолданыңыз. 20 жастағы науқас әйелде қалқанша безінің 2 дәрежелі ұлғаюы анықталды. УДЗ: қалқанша безі диффузды үлкейген, құрылымы әркелкі, диаметрі 11 мм түйін бар, эхотығыздылығы жоғарылаған.
<variant> электрокардиография
<variant> қанда Т4 белсенді фракциясын анықтауды
<variant> қанда ТТГ деңгейін анықтауды
<variant> қанда ТГ мен ТПО антиденелерді анықтауды
<variant> бездің жіңішке инелік аспирациялық биопсиясын
<question>Болжам диагнозы мен оның шешуші тексеруін таңдаңыз. 42 жастағы ер кісі эрекциялық дисфункцияға байланысты қаралды. Дене массасы артық, гинекомастия. Қанның гормондарға анализлерінен: ЛГ мен ФСГ – 0, пролактині 20000 мБ/л (нормада 20 *нг/мл или* 400 мБ/л), тестостерон 0,1, эстрадиол 0,2.
<variant> гипофиздің аденомасы (пролактинома); магниттік-резонанстық томография
<variant> сүт безінің рагі; маммография
<variant> гипофиздің аденомасы (соматотропинома); бас ми сауытының бүйірлік проекциядағы рентгенографиясы
<variant> гипофиздің аденомасы (гонадотропинома); түрік ершігінің көзделген рентгенографиясы
<variant> гипофиздің аденомасы (кортикотропинома); бүйрек үсті безі мен аталық бездерінің УДЗ
<question>Нағыз уақытынан бұрын жетілу (ержету) синдромына тән гормондық профильдің өзгерістерін таңдаңыз.
<variant> деңгейлерінің жоғарылауы: ЛГ, ФСГ және жыныстық гормондардың
<variant> деңгейлерінің жоғарылауы: ЛГ, ФСГ; деңгейлерінің төмендеуі: жыныстық гормондардың
<variant> деңгейлерінің жоғарылауы: жыныстық гормондардың; деңгейлерінің төмендеуі: ЛГ, ФСГ
<variant> деңгейінің жоғарылауы: СТГ; деңгейлерінің төмендеуі: жыныстық гормондардың

<variant> деңгейінің жоғарылауы: пролактиннің (ПРЛ); деңгейлерінің төмендеуі: жыныстық гормондардың
<question>Қантты диабеттің 1 типінде базальді инсулиннің дозасын жоғарылатуға абсолютті көрсетпе болатын жағдайды таңдаңыз:
<variant> түнгі және ашқарындық гликемияның жоғарылығы
<variant> ашқарындық гликемияның жоғарылығы
<variant> күндізгі және ашқарындық гликемияның жоғарылығы
<variant> препрандиальді гликемияның жоғарылығы
<variant> ұйқы алдындағы гликемияның жоғарылығы
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Қантты диабет диагнозы гликемияның келесі көрсеткішінде нақталады:
<variant> ашқарындық гликемияның деңгейі 6,1 ммоль/л
<variant> ашқарындық гликемияның деңгейі 5,5 ммоль/л жоғары, бірақ <6,1 ммоль/л
<variant> ашқарындық гликемияның деңгейі 5,6 ммоль/л кем
<variant> тамақтанудан кейін 2 сағаттан соңғы гликемияның деңгейі 7,8 ммоль/л
<variant> тамақтан кейін 2 сағаттан соңғы гликемияның деңгейі 8,1 ммоль/л жоғары
<question>Инсулиннің дефицитне тән симптомды таңдаңыз:
<variant> шөл
<variant> көз көрудің нашарлауы
<variant> артық салмақты тез қосу
<variant> тершеңдік
<variant> “ішкі қалтырау” сезімі
<question>Несептің салыстырмалы тығыздығының қантсыз диабетке тән көрсеткіштерін таңдаңыз:
<variant> 1000,0-1003,0
<variant> 1005,0-1015,0
<variant> 1010,0-1012,0
<variant> 1008,0-1018,0
<variant> 1025,0-1030,0
<question>Тума гипотиреоз дертінің симптомдарына қатысы жоғын таңдаңыз:
<variant> шеттік рефлекстердің қозғыштығы
<variant> психомоторлық дамуының тежелуі
<variant> нәресте сарғаюының ұзақ сақталуы
<variant> терісінің құрғақтығы
<variant> бұлшық еттік гипотония
<question>Гормондық профильдердің еркектердің біріншілік гипогонадизміне тән өзгерістерін таңдаңыз:
<variant> жоғарылауы: ЛГ,ФСГ; тестостеронның төмендеуі
<variant> төмендеуі: ЛГ,ФСГ мен тестостеронның
<variant> төмендеуі: ЛГ,ФСГ; тестостеронның жоғарылауы
<variant> төмендеуі: ЛГ,ФСГ; ал тестостерон қалыпты
<variant> қалыпты ЛГ, ФСГ; ал тестостеронның төмендеуі
<question>Эндемиялық аймақтарда ДДҰ ұсынған, йодтық алдан алуды топтарда жүргізу шарасын таңдаңыз:
<variant> калий йодиді
<variant> йодталған ас тұзы
<variant> йодталған бөтелкедегі сулар

<variant> йодталған нан
<variant> молекулалық йод
<question>Диффузды токсиндік жемсаудың патогенездік еміне ұсынылған дәрмекті таңдаңыз:
<variant> тиреостатиктер
<variant> бета-блокаторлар
<variant> седативті
<variant> ангиотензин АФ ингибиторлары
<variant> левотироксин
<question>Эндемиялық аймақтарда ДДҰ ұсынған, йодтық алдан алуды жекелеп жүргізу шарасын таңдаңыз:
<variant> калий йодиді
<variant> йодталған ас тұзы
<variant> йодталған бөтелкедегі сулар
<variant> йодталған нан
<variant> молекулалық йод
<question>СТГ тапшылығымен сипатталатаны дертті таңдаңыз.
<variant> гипопитуитаризм
<variant> гипогонадизм
<variant> гипотиреоз
<variant> гипопаратиреоз
<variant> гипокортицизм
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Сәбилердің крипторхизмінің емі аяқталуы тиіс –
<variant> екі жасқа дейін
<variant> жеті жасқа дейін
<variant> он төрт жасқа дейін
<variant> бес жасқа дейін
<variant> жиырма жасқа дейін
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Бүйрек үсті безінің тума дисфункциясында сүйектік жас –
<variant> паспорттық жастан озық
<variant> паспорттық жасқа сай
<variant> паспорттық жастан қалыңқы
<variant> өзгермейді
<variant> әртүрлі болуы мүмкін
<question>Сульфаниламидтердің глюкозаны азайту механизмін таңдаңыз:
<variant> бета-клеткалармен инсулин секрециясын күшейтуі
<variant> бауырлық глюконеогенезді тежеуі
<variant> эндогенді инсулиннің әсерін жақсартуы
<variant> ішекте глюкоза резорбциясын баяулатуы
<variant> глюкагон секрециясын баяулатуы
<question>Ең мүмкін команы таңдаңыз: Қантты диабеттің 1 типі бар науқас кенеттен есінен танды.
<variant> гипогликемиялық
<variant> кетоацидоздық
<variant> сүтқышқылдық
<variant> гиперосмостық
<variant> бауырлық
<question>Физикалық жұмыспен айналысуға болатын уақытын санап, ұсыныс таңдаңыз.


33 жастағы қантты диабетпен дертті науқас Актрапид пен Протафанды қабылдайды.
<variant> тамақтанғаннан соң 1 сағаттан кейін
<variant> күндіз, кез келген уақытта
<variant> тамақтанғаннан соң 2-3 сағаттан кейін
<variant> таңда, ертеңгі ас алдында
<variant> кеште, ұйқы алдында
<question>Ең нәтижелі емін таңдаңыз. 37 жастағы әйелде андростерома анықталды.
<variant> аденомэктомия
<variant> циклдық гормонотерапия
<variant> дексаметазонмен ем
<variant> диферелинмен ем
<variant> андрокурмен ем
<question>Диагнозын нақтауда негізгі саналатын көрсеткішті таңдаңыз:Пациентте аутоиммунды тиреоидиттен күдік туды. ДЕХ сәйкес тексерулер кешені тағайындалды.
<variant> тироидблокадалаушы антиденелердің өндірілу деңгейінің жоғарылауы
<variant> қандағы ТТГ деңгейінің жоғарылауы
<variant> қандағы ТТГ деңгейінің төмендеуі
<variant> тироидбелсендіруші антиденелерді өндіру деңгейінің жоғарылауы
<variant> қандағы Т3 пен Т4 деңгейінің төмендеуі
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Науқасқа диффузды токсиндік жемсау диагнозы қойылды. Диффузды токсиндік жемсау патогенезінің негізгі патологиялық процесін көрсетіңіз:
<variant> тироидбелсендіруші антиденелерді өндіру деңгейінің жоғарылауы
<variant> тироидблокадалаушы антиденелердің өндірілу деңгейінің жоғарылауы
<variant> қандағы ТТГ деңгейінің жоғарылауы
<variant> қалқанша безі тінінің лимфоидты инфильтрациясы
<variant> фолликулалардың аутоиммунды зақымдалуы
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. 27 жастағы пациентте қантты диабеттің 2 типі мен поликистозды аналық бездер синдромы бар. Осы екі дертті біріктіретін жалпы механизмін табыңыз.
<variant> инсулинге төмен сезімталдық
<variant> инсулиннің рецепторларына антиденелердің түзілуі
<variant> инсулинге антиденелердің түзілуі
<variant> инсулиннің абсолюттік тапшылығы
<variant> инсулинге жоғары сезімталдық
<question>Пациентке бірінші кезекте көрсетілген дәрмекті (дәрмектер тобын) таңдаңыз. 27 жастағы пациентте семіздік, қантты диабет 2 типті және поликистозды аналық бездер синдромы мен дисменорея.
<variant> метформин
<variant> прогестерон дәрмегін
<variant> эстрогендерден
<variant> дексаметазон
<variant> инсулин дәрмектері
<question>Йодтың артық дозасына мұқтаж болмайтын жас санатын таңдаңыз.ОҚО йод тапшылықты аймақтарға жатқызылған. ДДҰ осы аймақтардың тұрғындарын йод дәрмектерін жасына тәуелді 100-200 мкг дозасында күнделікті қолданымға ұсынған. Бұдан басқа өмірдің белгілі кезеңдерінде организмнің йодқа мұқтаждығы артады.
<variant> егде кісілер

<variant> балалар
<variant> жасөспірімдер
<variant> жүктілер
<variant> нәрестелер
<question>Қантты диабеттің 1 типі мен иммундық-жанамалық диабеттің ерекше түрлерінің ортақ механизмін тандаңыз.
<variant> инсулин мен бета-клеткаларға түрлі антиденелердің болуы
<variant> инсулиндік резистенттілік
<variant> гиперинсулинизм
<variant> антиденелердің – GAD 64 болуы
<variant> инсулин рецепторлары санының азаюы
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз. 43 жастағы ер кісіге «Кортикостерома» диагнозы қойылды. Синдромды АГ емін таңдау үшін, кортикостеромадаға АГ механизмін анықтаңыз.
<variant> ағзада натрийдің іркілуі
<variant> симпаттық адренал жүйесі белсенділігінің артуы
<variant> тамырлар тегіс салалы бұлшық ет қдеткаларының гипертрофиясы
<variant> антидиурездік гормон белсенділігінің артуы
<variant> антидиурездік гормонға сезімталдықтың артуы
<question>Дұрыс тұжырым тандаңыз. 13 жастағы ұл балада қантты диабет, 1 типті. Эндокринолог глюкоза деңгейін бақылау емін тағайындады. Сент-Винсент Декларациясына сәйкес қантты диабеттің жақсы бақылануының критериін анықтаңыз.
<variant> ашқарындағы глюкоза деңгейі < 7,0; тамақтан соң <10,0 ммоль/л
<variant> ашқарындағы глюкоза деңгейі <9,9; тамақтан соң <15,0 ммоль/л
<variant> ашқарындағы глюкоза деңгейі < 4,0; тамақтан соң <6,0 ммоль/л
<variant> ашқарындағы глюкоза деңгейі > 7,0; тамақтан соң >10,0 ммоль/л
<variant> ашқарындағы глюкоза деңгейі >8,0; тамақтан соң <12,0 ммоль/л
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз.Глюкозаға төзімділікті тексеруде, балаларға құрғақ глюкозаның келесі мөлшері беріледі.
<variant> сынамаға 1,75 г/кг, бірақ 75 г көп емес
<variant> сынамаға 2,0 г/кг, бірақ 100 г көп емес
<variant> сынамаға 70гна
<variant> сынамаға 37г
<variant> сынамаға 75 г
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз.Кетоацидоздық және гиперосмостық комаларға ортақ белгі – гипергликемия,
дегенмен осы асқынулардың алғашқы сағаттарындағы емінің айырмашылықтары бар: гиперосмостық комалардың алғашқы сағаттарында дегидратация, гиповолемия және гемоциркуляцияның бұзылыстарының коррекциясында қолданады:
<variant> вена ішіне тез, натрий хлоридінің 0,45% ерітіндісін (гипотониялық ерітінді) енгізеді, әрі қарай изотониялық ерітіндіге өтеді де, инсулиндік ем негізінде оны глюкозаның деңгейі 12-14 моль/л болғанға дейін жалғастырады+инсулиндік ем
<variant> алғашқы сағаттарда 1 л артық сұйықтық енгізуге болмайды; кейінгі 2 сағатта тағы 1 л; ал үшінші литрді кейінгі үш сағатта енгізеді; кетоацидоздық комада регидратация мақсатында 0,9% натрий хлоридін енгізеді+инсулиндік ем
<variant> буферлік ерітінділерді вена/ішіне енгізу көрсетілген
<variant> электролиттердің деңгейін инфузиялық ерітінділермен коррекциялау қажеттілігі жоқ
<variant> инсулиндік емді тек тері астына қолданады

<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз.Кетоацидоздық және гиперосмостық комаларға ортақ белгі – гипергликемия,дегенмен осы асқынулардың алғашқы сағаттарындағы емінің айырмашылықтары бар: гипергликемиялық кетоацидоздық комалардың алғашқы сағаттарында дегидратация, гиповолемия және гемоциркуляцияның бұзылыстарының коррекциясында қолданады:
<variant> алғашқы сағаттарда 1 л артық сұйықтық енгізуге болмайды; кейінгі 2 сағатта тағы 1 л; ал үшінші литрді кейінгі үш сағатта енгізеді; кетоацидоздық комада регидратация мақсатында 0,9% натрий хлоридін енгізеді+инсулиндік ем
<variant> вена ішіне тез, натрий хлоридінің 0,45% ерітіндісін (гипотониялық ерітінді) енгізеді, әрі қарай изотониялық ерітіндіге өтеді де, инсулиндік ем негізінде оны глюкозаның деңгейі 12-14 моль/л болғанға дейін жалғастырады+инсулиндік ем
<variant> буферлік ерітінділерді вена/ішіне енгізу көрсетілмеген
<variant> электролиттердің деңгейін инфузиялық ерітінділермен коррекциялау қажеттілігі жоқ
<variant> инсулиндік емді тек тері астына қолданады
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз.54 жастағы пациентте 2 типті қантты диабет экссудатты фазадағы нейропатиялық жарамен асқынған. Осы жараның жергілікті емінде қолданады –
<variant> хлоргексидин биглюконатының ерітіндісін
<variant> бриллиантты көк ерітіндісін
<variant> сутегінің асқын тотығының ерітіндісін
<variant> ихтиол майын
<variant> бальзамдық линиментін (Вишневскийдің)
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз.43 жастағы науқас әйелде Иценко-Кушинг ауруы нақталған. Иценко-Кушинг ауруындағы дамитын остеопороздың патогенезі:
<variant> катаболизм
<variant> липолиз
<variant> глюконеогенез
<variant> анаболизм
<variant> гликогенолиз
<question>Дұрыс тұжырымды тандаңыз. 39 жастағы пациентте дене салмағы артық, ашқарындағы гликемияның бұзылысы да бар. Төмендегілерден бір дәрмектосындай жағдайда әсіресе көрсетілген:
<variant> метформин
<variant> глимепирид
<variant> репаглинид
<variant> глулизин
<variant> гликлазид
<question>Ең мүмкін команы тандаңыз: 19 жастағы бойжеткенге қантты диабеттің 1 типі қойылған. Ол бірінші рет кенеттен есінен танды.
<variant> гипогликемиялық
<variant> кетоацидоздық
<variant> сүтқышқылдық
<variant> гиперосмостық
<variant> бауырлық
<question>Дерттің себебін тандаңыз:3 жастағы сәбиде басынан нейроинфекция өткергеннен соң шөлдеп, тәулігіне 3-3,5л дейін су ішу, несепке жиі, көп мөлшермен бару дамыды. Несебінің түсі су түстес. ЖДП дәрігері тексере келе, қантсыз диабет диагнозын нақтады.

<variant> антидиурездік гормонның (АДГ) тапшылығы
<variant> гонадотропиндердің артық өнуі
<variant> пролактин дефициті
<variant> соматотропты гормонның (СТГ) дефициті
<variant> антидиурездік гормонның (АДГ) артық өнуі
<question>Дерттің дәрмектік емін тандаңыз: 3 жастағы сәбиде басынан нейроинфекция өткергеннен соң шөлдеп, тәулігіне 3-3,5л дейін су ішу, несепке жиі, көп мөлшермен бару дамыды. Несебінің түсі су түстес. ЖДП дәрігері мен эндокринолог тексере келе, қантсыз диабет диагнозын нақтады.
<variant> миниринің назальді спрейі
<variant> қысқа әсерлі инсулин
<variant> ұзақ әсерлі инсулин
<variant> верошпирон
<variant> метформин
<question>Осы жағдайға тән гормондық профильді таңдаңыз. 20 әйелдің гормондық статусын тексергеннен соң: “Біріншілік гипергонадотроптыгипогонадизм” диагнозы қойылды.
<variant> жоғары деңгейі – ФСГ мен ЛГ; эстрадиол мен прогестеронның төмен деңгейлері
<variant> төмен деңгейлері – ФСГ мен ЛГ; эстрадиол мен прогестеронның жоғары деңгейлері
<variant> жоғары деңгейлері – ФСГ менЛГ; сонымен қатар, эстрадиол мен прогестеронның да
<variant> қалыпты деңгейлері – ФСГ мен ЛГ; эстрадиол мен прогестеронның төмен деңгейлері
<variant> төмен деңгейлері – ФСГ мен ЛГ; эстрадиол мен прогестеронның қалыпты деңгейлері
<question>Миниринің дозасын таңдау жіне коррекциялауда қолданылатын анализді таңдаңыз: 3 жастағы сәбиді ЖДП дәрігері мен эндокринолог тексере келе, қантсыз диабет диагнозын нақтады. Миниринің мұрынға спрейі ұсынылды.
<variant> несептің Зимницкий тәсілімен анализі
<variant> несептің Нечипоренко тәсілімен анализі
<variant> несептің Кокрофт-Голт тәсілімен анализі
<variant> бүйректің қызметтік резервін анықтау
<variant> несептің жалпы анализі
<question>Осы жағдайдағы ең тиімді дәрмекті таңдаңыз. 29 жастағы әйелге аутоиммунды тиреоидит диагнозы қойылды. Қалқанша безінің қызметтік жағдайы – гипотиреоз.
<variant> левотироксин орынбасушы дозада
<variant> калия йодиді емдік дозада
<variant> калия йодиді профилактикалыө дозада
<variant> левотироксин супрессиялық дозада
<variant> глюкокортикоидтар
<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз. 34жастағы әйел қалқанша безінің ұлғаюына байланысты тексерілді. Гормондық статусында: ТТГ жоғары деңгейі мен T_3 және T_4 төмен деңгейлері нақталды. Жіңішке инелік аспирациялық биоптатта фолликулалық эпителийдің аса айқын емес пролиферациясы мен коллоидтың жиналуы анықталды.
<variant> левотироксин 50-75 мкг/тәу. (6 айдан соң тиреомегалия динамикасына байланысты тактика) және бірге калий йодиді 200 мкг/тәу.
<variant> калий йодиді 200 мкг/тәу. тек 6 ай, соңынан йодталған тұз
<variant> левотироксин 50-75 мкг/тәу. өмір бойы
<variant> тек левотироксин 50-75 мкг/тәу., 6 айдан соң йод дәрмектері
<variant> тирозол

<question>Дұрыс шешім тандаңыз. 7 жастағы ұлда соматикалық шамасыздықтан күдік туды. Келесі дәрмек соматикалық шамасыздықты анықтау сынамасында бой өсіру гормонының секрециясын белсендіруші ретінда қолданылады:
<variant> инсулин
<variant> дексаметазон
<variant> профази
<variant> кордарон
<variant> левотироксин
<question>Дұрыс шешім тандаңыз.Бәкенелік (тапалдық) келесі дерттерде кездеседі: бой өсуі мен жыныстық жетілудің конституциялық тежелуі (кеш пубертаттық синдромы), жанұялық бәкенелік (генетикалық), соматотропты шамасыздық, Ларон синдромы, психологиялық ергежейлілік (депривациялық, психосоциалбді нанизм), псевдогипопаратиреоз (Олбрайт синдромы), Шерешевский-Тернер синдромы (гонадалар дисгенезиясы) және т.б. Келесі тәсіл бойы бәкене науқастардың барлағына бірінші кезекте тағайындалады.
<variant> қол басының рентгендік зерттеулері
<variant> кариотипін анықтау
<variant> жамбас қуысы органдарының УДЗ
<variant> бой өсіру горманының базальді деңгейін зерттеу
<variant> инсулинмен сынама
<question>Дұрыс шешім тандаңыз.14 жастағы қызда бәкенелік анықталған, оның себебі – Шерешевский-Тернер синдромы. Осы синдром анықталғандарға бірінші кезекте тағайындалады.
<variant> соматотропиннің дәрмектері
<variant> эстрогендердің дәрмектері
<variant> прогестеронның дәрмектері
<variant> циклдік гормондың ем
<variant> левотироксин
<question>Төмендегілерден жүктілік кезінде аталған дертпен қабылдауға болатын дәрмекті таңдаңыз:Фертиль жасындағы, «Д» есепте диффузды токсиндік жемсау диагнозымен тұратын әйел жүктілік жоспарлады.
<variant> пропилтиоурацил
<variant> мерказолил
<variant> тирозол
<variant> левотироксин
<variant> йодид калия
<question>Дұрыс тұжырым мен емдеу тактикасын таңдаңыз. 38 жастағы әйел кісі ФКС зерттеуінен өтті:
Жуан ішектің төмендеуші бөлігінде қабыну байқалды: кілегей қабаты күрт қызарған, зерниста,ісінген, қалыпты тамырлық сурет көрінбейді, тиген жерлері қанайды (сурет 1); терең емес беткей, жабындысы бар жаралар анықталды (сурет 2).Ауамен үрлегенде жазылуы қиын. Өрлеме ішектің кілегейі өгеріссіз.
Сурет 1



сур. 2



<variant> жуан ішектің дисталь бөлігінің бейспецификалық жаралы колиті, стационарлық ем көрсетілген
<variant> ішектің тітіркену синдромы, гастроэнтерологта емдету
<variant> ішектің рагі, онколог кеңесі
<variant> бейспецификалық жаралы колиті, гастроэнтерологтаамбулаторлы ем
